



Bank of Kazakhstan

Қазақстан Ұлттық Банкінің

Хабаршысы

- 1 Баспасөз релиздері
- 4 Шетел валюталарының ресми бағамдары
- 5 Қазақстан экономикасы қаржы секторының ағымдағы жай-күйі
- 13 Нормативтік құқықтық актілер

«Қазақстан Ұлттық Банкінің Хабаршысы»

редакторы:

Ақышев Д.Т.– Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары;

редактордың орынбасары:

Терентьев А. Л. – Ұйымдастыру жұмысы, сыртқы және қоғамдық байланыстар департаментінің директоры;

кеңес мүшелері:

Орлов П.Е.– Зерттеулер және стратегия департаментінің кәсіпорындар мониторингі басқармасының бастығы; Мадиярова Ә.Қ. – Төлем жүйелері департаментінің төлем жүйелерін қадағалау басқармасының бастығы; Сарсенова Н.В.- Заң департаменті директорының орынбасары;

Сәрсенбаева А.И. – Қызметкерлермен жұмыс жүргізу департаментінің аударма және мемлекеттік тілді ендіру басқармасының бас маман-аудармашысы;

шығарылымға жауапты:

Шабанова Н.Н. – Ұйымдастыру жұмысы, сыртқы және қоғамдық байланыстар департаментінің қоғамдық байланыстар басқармасының бас маманы.

Тел: 8 (727) 330-24-52

Құрылтайшы – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі РММ
050040, Алматы қ.,
«Көктем-3» ықшам ауданы, 21

Басылым ҚР Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттігінде
1997 жылғы 24 ақпанда № 432 тіркелді

Шығарылым кезеңдігі – айына 2 рет
Жылына жалпы шығарылымы – 24 нөмір
Бір шығарылымның таралымы – 100 дана

1995 жылдан бастап шығарылады



“Асыл кітап” Баспа үйі ЖШС
050009, Алматы қаласы
Абай даңғылы, 143
тел. +7 (727) 3 94 41 67

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ
№ 53 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ
2014 жылғы 17 шілде

Номиналы жоғары банкноттардың жетіспейтіндігі туралы ақпараттың дәйексіздігі жөнінде

БАҚ-та, әсіресе жаңалықтар тарататын интернет-ресурстарда ірі номиналдағы 5 000 және 10 000 теңгелік банкноттардың жетіспейтіндігі туралы ақпараттың жариялануына байланысты **Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі бұл мәліметтердің дәйексіздігін түсіндіреді.**

Екінші деңгейдегі банктер қолма-қол ақшаны Ұлттық Банктің филиалдарынан алады. **Ақша алу үшін мәлімденген барлық сома толығымен қанағаттандырылуда және экономикада банкноттардың жетіспеушілігі жоқ.**

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі ұлттық валютаның жалғыз эмитенті бола отырып, Қазақстан Республикасының аумағында қолма-қол ақша айналысын ұйымдастырады. **Теңгерімсіздікке жол бермеу үшін** екінші деңгейдегі банктерге экономикада төлемдерді кедергісіз жүзеге асыру үшін банкноттардың **барлық номиналы беріледі.**

Екінші деңгейдегі банктерге берген кезде **қолма-қол ақшаның негізгі бөлігі** номиналының жоғары болуына байланысты **5 000 және 10 000 теңгеге тиеді.**

Қазіргі сәтте айналыста ұлттық валютаның шамамен 425 миллион дана банкноты жүр. Олардың бестен бір бөлігі 200 және 500 теңгелік номиналдарға тиесілі. Сондай-ақ банкноттардың шамамен 45%-ы 5 000 және 10 000 теңгелік банкноттарға тиесілі. Бірақ бүгінгі күні Ұлттық Банк айналыстағы ақшаның номиналдық құрылымының теңгерімсіздігіне жол бермеу мақсатында **орта және ұсақ номиналдардың үлесін ұлғайтты.**

Айналыстағы **номиналы ұсақ және орта банкноттар үлесін қысқарту** сауда, шағын және орта бизнес саласында тауарлар мен көрсетілген қызметтер үшін есеп айырысу кезінде, сондай-ақ есеп айырысып болғаннан кейінгі қалдық ақшаны алу, номиналы ірі банкноттарды номиналы ұсақ банкноттарға ұсақтау кезінде қиындықтарға әкеп соғуы мүмкін. Нәтижесінде номиналы жоғары банкноттардың шектен тыс көп болуынан, орта номиналдағы 1000 және 2000 теңгелік банкноттардың айналыста өте көп болмауынан және 200 және 500 теңгелік ұсақ банкноттардың жетіспеушілігінен айналыстағы ақшаның номиналдық құрылымында теңгерімсіздік пайда болады.

Сондықтан да Ұлттық Банк қабылдап жатқан шаралар экономиканың түрлі салаларын экономикада төлемдерді кедергісіз жүзеге асыру үшін қажетті банкноттардың барлық номиналдарымен қамтамасыз етуде.

*Толығырақ ақпаратты мына телефоннан алуға болады: +7 (727) 2 704 639,
E-mail: press@nationalbank.kz (www.nationalbank.kz)*

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ
№ 54 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ
2014 жылғы 22 шілде

*Қазақстан Республикасының қаржы секторын дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы
қарастырылды*

2014 жылғы 22 шілде

Астана

Бүгін Үкімет Үйінде Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес Қазақстан Республикасы қаржы секторын дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы қарастырылды.

Қаржы секторын дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы (бұдан әрі – Тұжырымдама) «Қазақстан-2050» стратегиясын іске асыру шеңберіндегі ұзақмерзімді жоспарлау жүйесі элементтерінің бірі болып табылады.

Стратегияның қаржы секторының ұзақмерзімді перспективада дамуын айқындайтын міндеттерінің бірі инфляция деңгейін экономиканың өсуі үшін қолайлы деңгейде ұстап тұру, экономиканың қолжетімді ақша ресурстарына деген қажеттілігін қамтамасыз ету және қаржы секторының проблемаларын шешу болып табылады.

Үкіметтің отырысында аталып өткендей, Тұжырымдаманың негізгі мақсаты бәсекеге қабілетті қаржы секторын құру және оның Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының стандарттарын қоса алғанда, үздік халықаралық стандарттар негізінде экономикада ресурстарды қайта бөлудегі тиімділігін арттыру болып табылады.

Тұжырымдама шеңберінде мынадай міндеттерді іске асыру көзделеді:

- 1) әлеуетті күйзелістер туындаған жағдайда қаржы жүйесінің орнықтылығына қолдау көрсетуге қоғам мен мемлекеттің шығасыларын төмендету;
- 2) экономикалық ықпалдасу жағдайында қаржы секторының бәсекеге қабілеттілігін арттыру;
- 3) қаржы жүйесінің сапалы дамуы үшін инфрақұрылымды жетілдіру және оңтайлы жағдайлар жасау;
- 4) қаржы секторының өсу ресурстарын, оның ішінде экономиканың қажеттілігіне сәйкес келетін қаржы өнімдерінің есебінен кеңейту;
- 5) теңдестірілген экономикалық жағдайларға қолдау көрсету және экономикадағы кредиттік тәуекелдерді төмендету.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төрағасы Қайрат Келімбетов Мемлекет басшысының Тұжырымдаманы талқылау кезінде қаралған тапсырмаларын ескере отырып, мынадай үш басты мәселеге назар аударды.

Біріншіден, бұл банк секторын шоғырландыру және оны капиталдандыруды арттыру;

Екіншіден, мобильдік технологияларды дамыту және банк қызметтерін ұсыну;

Үшіншіден, корпоративтік басқаруды және тәуекелдерді басқару жүйесін одан әрі дамыту.

Банк секторын дамыту моделі, атап айтқанда, жүйе құраушы ірі топты және орташа банктер тобын күшейтуге баса назар аударады. Қазақстанның ірі банктері ЕАЭО-ның қаржы нарығында Қазақстан банк секторының өзегін білдіреді. Сонымен бірге орташа банктер оларға корпоративтік сектор және халық үшін банк қызметтерінің негізгі түрлері бойынша бәсекелестіктің неғұрлым жоғары деңгейін қамтамасыз етеді.

Банк секторын нығайту және өздігінен шоғырландыру мақсатында Ұлттық Банк 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап банктердің меншікті капиталының ең төменгі мөлшеріне қойылатын талаптарды қазіргі 10 млрд. теңгеден 100 млрд. теңгеге дейін біртіндеп ұлғайтуды көздеп отыр. Осы талапқа сәйкес келмейтін банктер өзінің жұмысын жалғастыра алады, алайда олар үшін жеке тұлғалардың депозиттерін тартудың ең жоғары сомасы шектеледі.

Капиталдың жоғары деңгейі және қосымша инвестициялар банктерге кредиттеудің ІЖӨ-гі үлесін арттыру, тұтынушыларды қаржылық қызметтермен қамтуды кеңейту, мобильдік банкинг және банктік интернет қызметін көрсетуді қоса алғанда, жаңа жоғары технологиялық қызметтерді дамыту үшін, Базель III стандарттарына көшу үшін қажет.

Тұжырымдама шеңберінде қоғам үшін өзекті халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру, төлем қызметтерінің инфрақұрылымын дамыту, қаржы ұйымдарының тарапынан нарықтық тәртіпті арттыру,

мемлекеттік-жеке әріптестік институтын дамыту және басқалары сияқты мәселелер де қозғалды.

Қаржы жүйесін дамыту міндеттері банк секторын, сақтандыру секторын, сондай-ақ бағалы қағаздар нарығын дамыту шеңберінде қаралатын болады.

Бұдан басқа, қойылған міндеттерді іске асыру барысында оңтайлы реттеу тетігін қолдану болжамдалып отыр, мұнда реттеушінің талаптары шектен тыс болмайды, бірақ қаржы жүйесінің тәуекелдерін іске асырудың ықтимал салдарларын барынша азайтуға көмектесетін болады.

Күйзелістерді тиімді тартуда қаржы жүйесінің тұрақтылығын арттыруға мүмкіндік беретін даму бағыттарының бірі капиталдың жеткіліктілігі, өтімділік көрсеткіші және қаржы левереджі, сондай-ақ тәуекелдерді басқару бөлігінде Базель II және III халықаралық стандарттарын кезең-кезеңмен ендіру болып табылады.

Атап айтқанда, реттеудің қарсыциклдылығына, банктер капиталына «қадағалау» үстемесіне, өтімділік коэффициенттеріне және левередж коэффициенттеріне баса назар аударылатын болады. Сонымен қатар қабылданатын шаралар банктерге жаңа талаптарға бейімделу, сондай-ақ қадағалау үдерісіне әрбір банктің жаңа талаптарға дайындығын бірлесіп бағалау практикасын енгізу үшін қажетті уақыт кезеңін беруді көздейді.

*Толығырақ ақпаратты мына телефоннан алуға болады: +7 (727) 2 704 639,
E-mail: press@nationalbank.kz (www.nationalbank.kz)*

2014 жылғы шетел валюталарының ресми айырбастау бағамдары


	17.07	18.07	19- 21.07	22.07	23.07	24.07	25.07	26- 28.07	29.07	30.07	31.07	Июль
Австралия доллары	171,52	172,05	172,18	172,19	172,33	173,34	173,3	172,6	172,41704	172,44	171,95	172,42
Әзірбайжан манаты	234,56	234,59	234,59	234,6	234,6	234,6	234,59	234,59	234,59	234,6	234,63	234,58
Ағылшын фунт стерл.	314,28	314,04	313,93	313,95	313,3	313,1	312,22	311,42	311,59861	311,67	310,73	313,46
Белорусь рублі	1,79	1,79	1,79	1,79	1,79	1,79	1,79	1,79	1,79	1,79	1,78	1,79
БРАЗИЛИЯ РЕАЛЫ	82,72	82,53	81,27	81,27	82,64	82,93	82,71	82,74	82,74	82,6	82,30	82,67
Венгер форинті	8,04	8,04	8	8	8,01	8,05	8,04	8,01	7,9930314	7,96	7,92	8,04
I Гонконг доллары	23,68	23,68	23,68	23,68	23,68	23,68	23,68	23,68	23,679694	23,68	23,68	23,68
Дат кронасы	33,33	33,31	33,3	33,31	33,21	33,15	33,18	33,09	33,074414	33,08	32,99	33,37
БАӘ дирхамы	49,96	49,96	49,96	49,97	49,97	49,97	49,96	49,97	49,965967	49,97	49,97	49,97
АҚШ доллары	183,52	183,52	183,52	183,53	183,53	183,53	183,52	183,52	183,52	183,53	183,53	183,52
Еуро	248,5	248,34	248,28	248,3	247,6	247,16	247,42	246,72	246,61418	246,63	245,93	248,77
Үнді рупиясы	3,05	3,05	3,04	3,04	3,05	3,05	3,05	3,05	3,0534504	3,05	3,05	3,06
Канада доллары	170,57	170,94	170,76	170,77	170,93	171,25	171,16	170,53	169,75303	169,86	168,87	171,24
Қытай юані	29,58	29,58	29,56	29,57	29,59	29,61	29,63	29,64	29,64	29,7	29,74	29,60
Қырғыз сомы	3,55	3,55	3,55	3,55	3,53	3,54	3,54	3,54	3,54	3,54	3,57	3,54
100 Оңтүстік Корея вонасы	17,78	17,84	17,84	17,84	17,91	17,92	17,84	17,89	17,89	17,92	17,92	17,99
Қувейт динары	650,55	650,32	650,09	650,12	650,12	649,89	649,63	648,94	648,73272	648,97	648,52	650,40
Литва литі	72,01	71,95	71,94	71,94	71,74	71,62	71,69	71,49	71,428015	71,46	71,26	72,08
Малайзия ринггиті	57,58	57,8	57,67	57,68	57,8	57,96	57,83	57,84	57,84	57,84	57,69	57,68
Молдова лейі	13,16	13,17	13,18	13,18	13,2	13,22	13,24	13,26	13,26	13,28	13,24	13,19
Норвег кронасы	29,61	29,64	29,74	29,74	29,68	29,72	29,6	29,61	29,472129	29,48	29,38	29,66
Польша злотыйы	60,17	60,03	59,91	59,91	59,77	59,8	59,82	59,55	59,472422	59,41	59,24	60,05
Ресей рублі	5,34	5,26	5,24	5,24	5,24	5,27	5,24	5,23	5,189605	5,15	5,14	5,30
Сауд Аравиясының риялы	48,94	48,93	48,93	48,94	48,94	48,94	48,93	48,93	48,933447	48,94	48,94	48,93
СДР	283,56	282,91	282,88	282,89	282,82	282,43	282,35	282,24	282,24	281,87	281,76	283,09
Сингапур доллары	147,74	147,9	147,89	147,9	147,91	148,16	148,29	147,88	147,77357	147,85	147,65	147,72
Тәжік сомони	36,98	36,94	37,02	37,02	37,02	36,99	36,99	36,99	36,99	36,91	36,73	36,99
Таиланд баты	5,72	5,71	5,71	5,71	5,76	5,78	5,77	5,77	5,7699805	5,77	5,76	5,72
1 түрік лирасы	86,43	86,46	86,4	86,41	86,63	87,83	87,85	87,63	87,511325	87,19	86,63	86,70
Өзбек сумы	7,99	7,99	7,99	7,99	7,99	7,99	7,99	7,88	7,88	7,88	7,88	7,97
Украин гривнасы	15,69	15,73	15,77	15,77	15,75	15,78	15,69	15,5	15,263315	15,21	15,04	15,61
Чех кронасы	9,06	9,05	9,05	9,05	9,01	9	9,02	8,99	8,9754876	8,98	8,95	9,07
Швед кронасы	26,9	26,93	26,92	26,92	26,79	26,88	26,84	26,94	26,939111	26,87	26,63	26,97
Швейцар франкі	204,59	204,5	204,52	204,54	203,76	203,47	203,68	203,05	202,9864	203,04	202,26	204,83
Оңтүстік Африка ранды	17,2	17,21	17,19	17,19	17,3	17,47	17,46	17,42	17,437242	17,31	17,32	17,23
1 жапон йенасы	1,8	1,81	1,81	1,81	1,81	1,81	1,81	1,8	1,8018655	1,8	1,80	1,81

ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКАСЫНДАҒЫ ҚАРЖЫ СЕКТОРЫНЫҢ АҒЫМДАҒЫ ЖАЙ-КҮЙІ

1. ВАЛЮТА НАРЫҒЫ

	Кезең соңындағы рәсми бағам	Кезеңдегі орташа алынған биржалық бағам, кезең үшін		Қазақстан қор биржасының сауда-саттық көлемі
	USD/KZT	USD/KZT	%*	млн. \$
30.06-04.07	183,52	183,52	0,01	959,30
07.07-11.07	183,52	183,52	0,00	970,25
14.07-18.07	183,52	183,52	0,00	1 083,95
14.07.2014	183,52	183,52	0,00	103,20
15.07.2014	183,52	183,52	0,00	242,75
16.07.2014	183,52	183,52	0,00	320,80
17.07.2014	183,52	183,52	0,00	181,90
18.07.2014	183,52	183,52	0,00	235,30
21.07-25.07	183,53	183,53	0,00	1 214,95
21.07.2014	183,52	183,53	0,01	291,40
22.07.2014	183,53	183,53	0,00	197,80
23.07.2014	183,53	183,53	0,00	228,50
24.07.2014	183,53	183,52	-0,01	362,10
25.07.2014	183,52	183,52	0,00	135,15


* - өткен кезеңге өзгерістер.



2. МЕМЛЕКЕТТІК БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР НАРЫҒЫ

Мемлекеттік бағалы қағаздардың бастапқы нарығы

	сұраныстың ұсыныстан артуы, есе	сұраныстың қанағаттандырылуы, %	кезеңдегі алынған кірістілік, %	орташа тиімді	қанағаттандырылған сұраныс көлемі млрд. теңге
Қаржы министрлігінің МБҚ					
19.05-23.05	1,34	94,74	7,09		19,1
26.05-30.05	1,29	94,15	7,44		26,6
02.06-06.06	-	-	-		-
09.06-13.06	3,44	57,89	6,78		19,9
16.06-20.06	1,42	70,04	7,52		25,5
23.06-27.06	1,75	72,94	6,69		39,8
30.06-04.07	-	-	-		-
07.07-11.07	1,49	39,90	6,65		8,3
14.07-18.07	1,59	92,16	7,25		23,5
21.07-25.07	-	-	-		-
Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ноттары					
19.05-23.05	0,20	100,0	3,27		2,0
26.05-30.05	-	-	-		-
02.06-06.06	-	-	-		-
09.06-13.06	-	-	-		-
16.06-20.06	-	-	-		-
23.06-27.06	-	-	-		-
30.06-04.07	-	-	-		-
07.07-11.07	0,30	100,0	3,27		3,0
14.07-18.07	0,30	100,0	3,27		3,0
21.07-25.07	-	-	-		-



Айналыстағы мемлекеттік бағалы қағаздар (дисконтталған құны бойынша)

	Көлемі млн.теңге				
	Барлығы	оның ішінде Қаржы министрлігінің МБҚ			оның ішінде ҚҰБ ноттары
		ұзақмерзімді	ортамерзімді	қысқамерзімді	
06.05.14	3 691 630,17	3 075 358,07	573 390,85	33 975,25	8 906,00
16.05.14	3 756 945,11	3 153 952,07	558 967,85	35 119,19	8 906,00
23.05.14	3 778 030,16	3 173 053,12	558 967,85	35 119,19	10 890,00
30.05.14	3 804 658,04	3 199 681,00	558 967,85	35 119,19	10 890,00
06.06.14	3 797 693,16	3 199 681,00	558 967,85	28 154,31	10 890,00
13.06.14	3 817 623,51	3 219 611,35	558 967,85	28 154,31	10 890,00
20.06.14	3 857 435,54	3 259 423,38	558 967,85	28 154,31	10 890,00
27.06.14	3 882 910,16	3 270 048,00	573 817,85	28 154,31	10 890,00
04.07.14	3 882 910,16	3 270 048,00	573 817,85	28 154,31	10 890,00
11.07.14	3 879 942,78	3 278 348,00	573 817,85	13 910,93	13 866,00
18.07.14	3 901 458,78	3 301 848,00	573 817,85	13 910,93	11 882,00
25.07.14	3 878 900,78	3 301 848,00	551 259,85	13 910,93	11 882,00


3. ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЕУРОНОТТАР НАРЫҒЫ

	2003 ж. шығарылым
Шығару кезіндегі кірістілік	6,691
03.02.2014	4,891
04.02.2014	4,896
05.02.2014	4,856
06.02.2014	4,864
07.02.2014	4,845
<i>эмиссия басынан бері</i>	<i>-1,864</i>
<i>апта үшін</i>	<i>-0,046</i>



4. ТӨЛЕМ ЖҮЙЕЛЕРІ


	БААЖ			БТЖ		
	Саны, мың	Көлемі, млрд. теңге	Көлемнің өзгеруі %,	Саны, мың	Көлемі, млрд. теңге	Көлемнің өзгеруі %,
14.07-18.07	271,2	3 316,6	8,9	411,3	110,7	24,8
21.07-25.07	310,8	3 324,3	0,2	485,0	122,9	11,0



5. ӘЛЕМДІК ҚАРЖЫ ЖӘНЕ ТАУАР НАРЫҚТАРЫ


Биржа	Индекс	Тармақтардағы мәні		Өзгеруі	
		18.07.2014	25.07.2014	кезең үшін	2001ж. желтоқсаннан бастап
АҚШ	Dow Jones	17 100,18	16 960,57	-0,82%	67,31%
Жапония	Nikkei 225	15 215,71	15 457,87	1,59%	46,62%
Германия	DAX	9 720,02	9 644,01	-0,78%	86,90%
Ұлыбритания	FTSE	6 749,45	6 791,55	0,62%	30,64%
Гонконг	Hang Seng	23 454,79	24 216,01	3,25%	111,83%

Dow Jones және Nikkei 225 индекстерінің динамикасы




Бағамы	Мәні		Өзгеруі	
	18.07.2014	25.07.2014	кезең үшін	2001ж. желтоқсаннан бастап
USD/JPY	101,34	101,84	0,49%	-22,32%
GBP/USD	1,7088	1,6975	-0,66%	16,96%
EUR/USD	1,3524	1,3430	-0,70%	51,67%
USD/RUR	34,80	35,08	0,80%	15,03%

Еуро және жапон йенасының АҚШ долларына қатынасы бойынша бағамдары



Тауарлар	Өлшем бірлігі	Бағасы, АҚШ долл.		Өзгеруі	
		18.07.2014	25.07.2014	кезең үшін	2001 жылғы жел бастап.
алтын	тр.ун.	1311,1	1307,2	-0,30%	372,49%
мыс	метр.тонна	6 987,0	7 137,0	2,15%	388,68%
мырыш	метр.тонна	2 288,5	2 392,5	4,54%	210,11%
мұнай	баррель	105,86	106,66	0,76%	425,42%
астық	тонна	195,29	196,58	0,66%	94,90%

Алтын мен мұнайдың бағасы, АҚШ долл.




6. БАНКАРАЛЫҚ АҚША НАРЫҒЫ

Екінші деңгейдегі банктердің қысқа мерзімді банкаралық депозиттері бойынша мәліметтер

	Резидент банктер				Резидент емес банктер			
	1 айға дейін		1 айдан астам		1 айға дейін		1 айдан астам	
	Орналас- тырылған депозиттер көлемі*	Орташа алынған сыйақы мөлшер- лемесі (%)	Орналас- тырылған депозиттер көлемі*	Орташа алынған сыйақы мөлшер- лемесі (%)	Орналас- тырылған депозиттер көлемі*	Орташа алынған сыйақы мөлшер- лемесі (%)	Орналас- тырылған депозиттер көлемі*	Орташа алынған сыйақы мөлшер- лемесі (%)
23.06.14-27.06.14								
KZT	105 600 000	2,68	0	0,00	1 420 000	3	10 000 000	4,40
USD	1 500	0,67	0	0,00	3 967 331	0,03	0	0,00
EURO	22 200	4,51	18 500	5,50	600	0,40	0	0,00
RUR	0	0,00	0	0,00	5 841 300	7,04	0	0,00
30.06.14-04.07.14								
KZT	209 850 000	2,75	0	0,00	10 940 000	4	0	0,00
USD	39 000	1,02	0	0,00	4 318 303	0,04	175 235	0,15
EURO	10 300	0,44	0	0,00	4 900	1,87	0	0,00
RUR	70 000	6,00	0	0,00	4 604 600	6,52	0	0,00
07.07.14-11.07.14								
KZT	206 200 000	2,75	0	0,00	605 000	3	0	0,00
USD	1 500	0,50	0	0,00	3 527 257	0,05	0	0,00
EURO	7 500	0,01	0	0,00	1 300	0,40	0	0,00
RUR	0	0,00	0	0,00	4 093 400	6,64	0	0,00
14.07.14-18.07.14								
KZT	152 400 000	2,74	0	0,00	2 288 000	2	0	0,00
USD	0	0,00	0	0,00	4 787 885	0,04	4 700	12,00
EURO	10 400	0,01	0	0,00	300	0,40	0	0,00
RUR	0	0,00	0	0,00	4 638 200	7,27	400 000	8,83


*- валюта мың бірлігі



Биржадан тыс банкаралық валюта операциялары (сату)

Кезеңдер, валютаның түрлері	Мәмілелер- дің жалпы көлемі (валюта мың бірлігі)	оның ішінде резидент банктер		Мәміленің орташа алынған бағамы бір валюта үшін теңгемен	олардың ішінде: резидент банктер
		(валюта мың бірлігі)	%*		
23.06.14-27.06.14					
USD	176 327	70 600	40,0	183,51	183,52
RUB	105 700	105 700	100,0	5,42	5,42
EUR	18 959	18 855	99,5	249,84	249,83
30.06.14-04.07.14					
USD	189 564	80 450	42,4	183,52	183,52
RUB	109 000	109 000	100,0	5,35	5,35
EUR	2 170	2 135	98,4	250,75	250,74
07.07.14-11.07.14					
USD	116 115	35 150	30,3	183,53	183,54
RUB	177 018	145 600	82,3	5,39	5,39
EUR	7 355	205	2,8	250,34	250,19
14.07.14-18.07.14					
USD	100 641	45 730	45,4	183,53	183,54
RUB	211 667	142 000	67,1	5,31	5,29
EUR	660	659	99,8	248,72	248,72

*резидент банктер мәмілелерінің жалпы мәмілелер көлеміне үлес салмағы



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Алматы қаласы

2014 жылғы 16 шілде

№ 112

Акмарал Кабылқасовна Алдияроваға сақтандыру нарығында актуарлық қызметті жүзеге асыруға берілген лицензияның қолданылуын тоқтата тұру туралы

«Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 43-бабы 16) тармақшасының, 59-бабының 1-тармағы 6) тармақшаларының және Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы ереженің 23-тармағы 30) тармақшасының негізінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Актуарийдің уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде бекітілген актуарийлерді оқытудың міндетті ең қысқа бағдарламасы бойынша емтихандарды уәкілетті орган белгілеген мерзімде тапсырмағаны үшін Акмарал Кабылқасовна Алдияроваға сақтандыру нарығында актуарлық қызметті жүзеге асыруға берілген 2005 жылғы 10 ақпандағы № 31 лицензияның (бұдан әрі - Лицензия) қолданылуы алты ай мерзімге тоқтатыла тұрсын.

Осы қаулы Акмарал Кабылқасовна Алдияроваға жіберілген күннен бастап Лицензияның қолданылуы тоқтатыла тұрған болып есептеледі.

2. Акмарал Кабылқасовна Алдияроваға Лицензияның қолданылуын тоқтата тұру мерзімі аяқталғанға дейін сақтандыру нарығында актуарлық қызметті жүзеге асыруға тыйым салынады.

3. Осы қаулы қабылданған күнінен бастап күшіне енеді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ
БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Алматы қаласы

2014 жылғы 16 шілде

№ 113

Рима Бейсенбековна Атейбековаға актуарлық қызметті жүзеге асыруға берілген лицензияның қолданылуын тоқтата тұру туралы

«Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 43-бабы 16) тармақшасының, 59-бабының 1-тармағы 2) тармақшасының және Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы ереженің 23-тармағы 30) тармақшасының негізінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының Қазақстан Республикасының сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңнамасын бұзуына әкеп соқтырған, актуарий қызметін сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңнаманың талаптарын бұза отырып жүзеге асырғаны үшін Рима Бейсенбековна Атейбековаға сақтандыру нарығында актуарлық қызметті жүзеге асыруға берілген 2009 жылғы 20 қаңтардағы № 66 лицензияның (бұдан әрі - Лицензия) қолданылуы 6 (алты) ай мерзімге тоқтатыла тұрсын.

Осы қаулы Рима Бейсенбековна Атейбековаға жіберілген күннен бастап Лицензияның қолданылуы тоқтатыла тұрған болып есептеледі.

2. Рима Бейсенбековна Атейбековаға Лицензияның қолданылуын тоқтата тұру мерзімі аяқталғанға дейін сақтандыру нарығында актуарлық қызметті жүзеге асыруға тыйым салынады.

3. Осы қаулы қабылданған күнінен бастап күшіне енеді.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ
БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ**

Алматы қаласы

2014 жылғы 16 шілде

№ 114

*Ардак Джумабековна Бакироваға сақтандыру нарығында актуарлық
қызметті жүзеге асыруға берілген лицензияның қолданылуын тоқтата
тұру туралы*

«Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 43-бабы 16) тармақшасының, 59-бабының 1-тармағы 6) тармақшаларының және Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы ереженің 23-тармағы 30) тармақшасының негізінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Актуарийдің уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде бекітілген актуарийлерді оқытудың міндетті ең қысқа бағдарламасы бойынша емтихандарды уәкілетті орган белгілеген мерзімде тапсырмағаны үшін Ардак Джумабековна Бакироваға сақтандыру нарығында актуарлық қызметті жүзеге асыруға берілген 2007 жылғы 5 қаңтардағы № 41 лицензияның (бұдан әрі - Лицензия) қолданылуы алты ай мерзімге тоқтатыла тұрсын.

Осы қаулы Ардак Джумабековна Бакироваға жіберілген күннен бастап Лицензияның қолданылуы тоқтатыла тұрған болып есептеледі.

2. Ардак Джумабековна Бакироваға Лицензияның қолданылуын тоқтата тұру мерзімі аяқталғанға дейін сақтандыру нарығында актуарлық қызметті жүзеге асыруға тыйым салынады.

3. Осы қаулы қабылданған күнінен бастап күшіне енеді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ
БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Алматы қаласы

2014 жылғы 16 шілде

№ 115

Гульнара Махаметовна Исхаковаға сақтандыру нарығында актуарлық қызметті жүзеге асыруға берілген лицензияның қолданылуын тоқтата тұру туралы

«Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 43-бабы 16) тармақшасының, 59-бабының 1-тармағы 2) тармақшасының және Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы ереженің 23-тармағы 30) тармақшасының негізінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының Қазақстан Республикасының сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңнамасын бұзуына әкеп соқтырған, актуарий қызметін сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңнаманың талаптарын бұза отырып жүзеге асырғаны үшін Гульнара Махаметовна Исхаковаға сақтандыру нарығында актуарлық қызметті жүзеге асыруға берілген 2010 жылғы 24 желтоқсандағы № 2.4.78 лицензияның (бұдан әрі - Лицензия) қолданылуы алты ай мерзімге тоқтатыла тұрсын.

Осы қаулы Гульнара Махаметовна Исхаковаға жіберілген күннен бастап Лицензияның қолданылуы тоқтатыла тұрған болып есептеледі.

2. Гульнара Махаметовна Исхаковаға Лицензияның қолданылуын тоқтата тұру мерзімі аяқталғанға дейін сақтандыру нарығында актуарлық қызметті жүзеге асыруға тыйым салынады.

3. Осы қаулы қабылданған күнінен бастап күшіне енеді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ
БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Алматы қаласы

2014 жылғы 16 шілде

№ 116

Меиржан Аамалбекович Медеубаевқа сақтандыру нарығында актуарлық қызметті жүзеге асыруға берілген лицензияның қолданылуын тоқтата тұру туралы

«Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 43-бабы 16) тармақшасының, 59-бабының 1-тармағы 2) және 6) тармақшаларының және Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы ереженің 23-тармағы 30) тармақшасының негізінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының актуарлық қызметті Қазақстан Республикасының сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңнамасын бұзуына әкеп соқтырған сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңнамасының талаптарын бұзумен жүзеге асырғаны және актуарийдің уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде бекітілген актуарийлерді оқытудың міндетті ең қысқа бағдарламасы бойынша емтихандарды уәкілетті орган белгілеген мерзімде тапсырмағаны үшін Меиржан Аамалбекович Медеубаевқа сақтандыру нарығында актуарлық қызметті жүзеге асыруға берілген 2010 жылғы 22 қарашадағы № 2.4.76 лицензияның (бұдан әрі - Лицензия) қолданылуы алты ай мерзімге тоқтатыла тұрсын.

Осы қаулы Меиржан Аамалбекович Медеубаевқа жіберілген күннен бастап Лицензияның қолданылуы тоқтатыла тұрған болып есептеледі.

2. Меиржан Аамалбекович Медеубаевқа Лицензияның қолданылуын тоқтата тұру мерзімі аяқталғанға дейін сақтандыру нарығында актуарлық қызметті жүзеге асыруға тыйым салынады.

3. Осы қаулы қабылданған күнінен бастап күшіне енеді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ
БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Алматы қаласы

2014 жылғы 16 шілде

№ 117

Раушан Абдулхамитовна Нарымбетоваға сақтандыру нарығында актуарлық қызметті жүзеге асыруға берілген лицензияның қолданылуын тоқтата тұру туралы

«Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 43-бабы 16) тармақшасының, 59-бабының 1-тармағы 6) тармақшаларының және Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы ереженің 23-тармағы 30) тармақшасының негізінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Актуарийдің уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде бекітілген актуарийлерді оқытудың міндетті ең қысқа бағдарламасы бойынша емтихандарды уәкілетті орган белгілеген мерзімде тапсырмағаны үшін Раушан Абдулхамитовна Нарымбетоваға сақтандыру нарығында актуарлық қызметті жүзеге асыруға берілген 2008 жылғы 9 желтоқсандағы №64 лицензияның (бұдан әрі - Лицензия) қолданылуы алты ай мерзімге тоқтатыла тұрсын.

Осы қаулы Раушан Абдулхамитовна Нарымбетоваға жіберілген күннен бастап Лицензияның қолданылуы тоқтатыла тұрған болып есептеледі.

2. Раушан Абдулхамитовна Нарымбетоваға Лицензияның қолданылуын тоқтата тұру мерзімі аяқталғанға дейін сақтандыру нарығында актуарлық қызметті жүзеге асыруға тыйым салынады.

3. Осы қаулы қабылданған күнінен бастап күшіне енеді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ
БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Алматы қаласы

2014 жылғы 16 шілде

№ 118

Жуман Нурмамбетовке сақтандыру нарығында актуарлық қызметті жүзеге асыруға берілген лицензияның қолданылуын тоқтата тұру туралы

«Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 43-бабы 16) тармақшасының, 59-бабының 1-тармағы 6) тармақшасының және Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы ереженің 23-тармағы 30) тармақшасының негізінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Актуарийдің уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде бекітілген актуарийлерді оқытудың міндетті ең қысқа бағдарламасы бойынша емтихандарды уәкілетті орган белгілеген мерзімде тапсырмағаны үшін Жуман Нурмамбетовке сақтандыру нарығында актуарлық қызметті жүзеге асыруға берілген 2011 жылғы 5 қыркүйектегі № 2.4.91 лицензияның (бұдан әрі - Лицензия) қолданылуы алты ай мерзімге тоқтатыла тұрсын.

Осы қаулы Жуман Нурмамбетовке жіберілген күннен бастап Лицензияның қолданылуы тоқтатыла тұрған болып есептеледі.

2. Жуман Нурмамбетовке Лицензияның қолданылуын тоқтата тұру мерзімі аяқталғанға дейін сақтандыру нарығында актуарлық қызметті жүзеге асыруға тыйым салынады.

3. Осы қаулы қабылданған күнінен бастап күшіне енеді.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ
БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ**

Алматы қаласы

2014 жылғы 16 шілде

№ 119

*Ольга Викторовна Петроваға сақтандыру нарығында актуарлық
қызметті жүзеге асыруға берілген лицензияның қолданылуын
тоқтата тұру туралы*

«Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 43-бабы 16) тармақшасының, 59-бабының 1-тармағы 6) тармақшаларының және Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы ереженің 23-тармағы 30) тармақшасының негізінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Актуарийдің уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде бекітілген актуарийлерді оқытудың міндетті ең қысқа бағдарламасы бойынша емтихандарды уәкілетті орган белгілеген мерзімде тапсырмағаны үшін Ольга Викторовна Петроваға сақтандыру нарығында актуарлық қызметті жүзеге асыруға берілген 2004 жылғы 19 қарашадағы № 25 лицензияның (бұдан әрі - Лицензия) қолданылуы алты ай мерзімге тоқтатыла тұрсын.

Осы қаулы Ольга Викторовна Петроваға жіберілген күннен бастап Лицензияның қолданылуы тоқтатыла тұрған болып есептеледі.

2. Ольга Викторовна Петроваға Лицензияның қолданылуын тоқтата тұру мерзімі аяқталғанға дейін сақтандыру нарығында актуарлық қызметті жүзеге асыруға тыйым салынады.

3. Осы қаулы қабылданған күнінен бастап күшіне енеді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ
БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Алматы қаласы

2014 жылғы 16 шілде

№ 120

Кульпаш Нурышовна Темирбековаға сақтандыру нарығында актуарлық қызметті жүзеге асыруға берілген лицензияның қолданылуын тоқтата тұру туралы

«Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 43-бабы 16) тармақшасының, 59-бабының 1-тармағы 6) тармақшасының және Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы ереженің 23-тармағы 30) тармақшасының негізінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Актуарийдің уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде бекітілген актуарийлерді оқытудың міндетті ең қысқа бағдарламасы бойынша емтихандарды уәкілетті орган белгілеген мерзімде тапсырмағаны үшін Кульпаш Нурышовна Темирбековаға сақтандыру нарығында актуарлық қызметті жүзеге асыруға берілген 2008 жылғы 29 ақпандағы № 57 лицензияның (бұдан әрі - Лицензия) қолданылуы алты ай мерзімге тоқтатыла тұрсын.

Осы қаулы Кульпаш Нурышовна Темирбековаға жіберілген күннен бастап Лицензияның қолданылуы тоқтатыла тұрған болып есептеледі.

2. Кульпаш Нурышовна Темирбековаға Лицензияның қолданылуын тоқтата тұру мерзімі аяқталғанға дейін сақтандыру нарығында актуарлық қызметті жүзеге асыруға тыйым салынады.

3. Осы қаулы қабылданған күнінен бастап күшіне енеді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ
БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Алматы қаласы

2014 жылғы 16 шілде

№ 121

Анар Сериковна Токаеваға актуарлық қызметті жүзеге асыруға берілген лицензияның қолданылуын тоқтата тұру туралы

«Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 43-бабы 16) тармақшасының, 59-бабының 1-тармағы 2) тармақшасының және Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы ереженің 23-тармағының 30) тармақшасының негізінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының Қазақстан Республикасының сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңнамасын бұзуына әкеп соқтырған, актуарий қызметін сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңнаманың талаптарын бұза отырып жүзеге асырғаны үшін Анар Сериковна Токаеваға сақтандыру нарығында актуарлық қызметті жүзеге асыруға берілген 2011 жылғы 1 қарашадағы № 2.4.92 лицензияның (бұдан әрі - Лицензия) қолданылуы 6 (алты) ай мерзімге тоқтатыла тұрсын.

Осы қаулы Анар Сериковна Токаеваға жіберілген күннен бастап Лицензияның қолданылуы тоқтатыла тұрған болып есептеледі.

2. Анар Сериковна Токаеваға Лицензияның қолданылуын тоқтата тұру мерзімі аяқталғанға дейін сақтандыру нарығында актуарлық қызметті жүзеге асыруға тыйым салынады.

3. Осы қаулы қабылданған күнінен бастап күшіне енеді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ
БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Алматы қаласы

2014 жылғы 16 шілде

№ 122

Нурлыбек Қуанышович Толыкбаевқа сақтандыру нарығында актуарлық қызметті жүзеге асыруға берілген лицензияның қолданылуын тоқтата тұру туралы

«Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 43-бабы 16) тармақшасының, 59-бабының 1-тармағы 6) тармақшасының және Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы ереженің 23-тармағы 30) тармақшасының негізінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Актуарийдің уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде бекітілген актуарийлерді оқытудың міндетті ең қысқа бағдарламасы бойынша емтихандарды уәкілетті орган белгілеген мерзімде тапсырмағаны үшін Нурлыбек Қуанышович Толыкбаевқа сақтандыру нарығында актуарлық қызметті жүзеге асыруға берілген 2007 жылғы 4 сәуірдегі № 44 лицензияның (бұдан әрі - Лицензия) қолданылуы алты ай мерзімге тоқтатыла тұрсын.

Осы қаулы Нурлыбек Қуанышович Толыкбаевқа жіберілген күннен бастап Лицензияның қолданылуы тоқтатыла тұрған болып есептеледі.

2. Нурлыбек Қуанышович Толыкбаевқа Лицензияның қолданылуын тоқтата тұру мерзімі аяқталғанға дейін сақтандыру нарығында актуарлық қызметті жүзеге асыруға тыйым салынады.

3. Осы қаулы қабылданған күнінен бастап күшіне енеді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ
БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Алматы қаласы

2014 жылғы 16 шілде

№ 123

Галина Владимировна Усачеваға сақтандыру нарығында актуарлық қызметті жүзеге асыруға берілген лицензияның қолданылуын тоқтата тұру туралы

«Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 43-бабы 16) тармақшасының, 59-бабының 1-тармағы 6) тармақшасының және Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы ереженің 23-тармағы 30) тармақшасының негізінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Актуарийдің уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде бекітілген актуарийлерді оқытудың міндетті ең қысқа бағдарламасы бойынша емтихандарды уәкілетті орган белгілеген мерзімде тапсырмағаны үшін Галина Владимировна Усачеваға сақтандыру нарығында актуарлық қызметті жүзеге асыруға берілген 2011 жылғы 23 ақпандағы № 2.4.82 лицензияның (бұдан әрі - Лицензия) қолданылуы алты ай мерзімге тоқтатыла тұрсын.

Осы қаулы Галина Владимировна Усачеваға жіберілген күннен бастап Лицензияның қолданылуы тоқтатыла тұрған болып есептеледі.

2. Галина Владимировна Усачеваға Лицензияның қолданылуын тоқтата тұру мерзімі аяқталғанға дейін сақтандыру нарығында актуарлық қызметті жүзеге асыруға тыйым салынады.

3. Осы қаулы қабылданған күнінен бастап күшіне енеді.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ
БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ**

Алматы қаласы

2014 жылғы 16 шілде

№ 124

*Аскар Сержанович Шакеновке сақтандыру нарығында актуарлық
қызметті жүзеге асыруға берілген лицензияның қолданылуын тоқтата
тұру туралы*

«Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 43-бабы 16) тармақшасының, 59-бабының 1-тармағы 6) тармақшаларының және Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы ереженің 23-тармағы 30) тармақшасының негізінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Актуарийдің уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде бекітілген актуарийлерді оқытудың міндетті ең қысқа бағдарламасы бойынша емтихандарды уәкілетті орган белгілеген мерзімде тапсырмағаны үшін Аскар Сержанович Шакеновке сақтандыру нарығында актуарлық қызметті жүзеге асыруға берілген 2007 жылғы 4 маусымдағы № 46 лицензияның (бұдан әрі - Лицензия) қолданылуы алты ай мерзімге тоқтатыла тұрсын.

Осы қаулы Аскар Сержанович Шакеновке жіберілген күннен бастап Лицензияның қолданылуы тоқтатыла тұрған болып есептеледі.

2. Аскар Сержанович Шакеновке Лицензияның қолданылуын тоқтата тұру мерзімі аяқталғанға дейін сақтандыру нарығында актуарлық қызметті жүзеге асыруға тыйым салынады.

3. Осы қаулы қабылданған күнінен бастап күшіне енеді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Алматы қаласы

2014 жылғы 23 сәуір

№ 62

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Қазақстан Республикасының банктерінде клиенттердің банктік шоттарын ашу, жүргізу және жабу ережесін бекіту туралы» 2000 жылғы 2 маусымдағы № 266 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес және Қазақстан Республикасының банктерінде клиенттердің банк шоттарын ашу тәртібін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Қазақстан Республикасының банктерінде клиенттердің банктік шоттарын ашу, жүргізу және жабу ережесін бекіту туралы» 2000 жылғы 2 маусымдағы № 266 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1199 тіркелген, Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілерінің бюллетенінде 2000 жылы № 9, 264-құжат жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының банктерінде клиенттердің банктік шоттарын ашу, жүргізу және жабу ережесінде:

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«9. Банктік шот шартында:

- 1) шарттың мәні;
- 2) клиенттің сәйкестендіру нөмірі;
- 3) клиенттің жеке сәйкестендіру коды;
- 4) банктегі ақшаға иелік ету тәртібі;
- 5) банктің қызмет көрсету талаптары және олар үшін ақы төлеу тәртібі қамтылады.»;

11-тармақта:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«1) Қазақстан Республикасының резидент-занды тұлғалары және олардың оқшауланған бөлімшелері (филиалдары мен өкілдіктері) үшін:

осы Ереженің 5-тарауына сәйкес ресімделген қол қою үлгілері және мөр таңбасы бар құжат;

осы Ереженің 5-тарауына сәйкес ресімделген, қол қою үлгілері және мөр таңбасы бар құжатқа сәйкес клиенттің банк шотын жүргізуге (банк шотындағы ақшаға иелік етуге) байланысты операциялар жүргізу кезінде төлем құжаттарына қол қоюға уәкілетті тұлғаның (тұлғалардың) жеке басын куәландыратын құжаттың (құжаттардың) көшірмесі;

қоғамдық немесе діни бірлестіктің жарғысында және оның филиалы немесе өкілдігі туралы ережеде (қоғамдық немесе діни бірлестіктердің филиалдары және өкілдіктері үшін) көзделген тәртіппен сайланған (тағайындалған) қоғамдық немесе діни бірлестіктің филиалы немесе өкілдігі басшысының өкілеттіктерін растайтын, орыс тіліндегі және/немесе мемлекеттік тілдегі нотариат куәландыратын құжаттар;

филиалдың немесе өкілдіктің (өзге нысандардағы заңды тұлғалардың филиалдары мен өкілдіктері үшін) басшысына заңды тұлға берген сенімхаттың көшірмесі;

мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер үшін – бюджеттің орындалуы жөніндегі орталық уәкілетті органның рұқсаты;»;

3) тармақшаның төртінші абзацы алып тасталсын;

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«5) Қазақстан Республикасының резидент емес жеке тұлғалары үшін:

жеке басын куәландыратын құжат;

резидент еместің салық төлеуші ретінде тіркелуі туралы тіркеу куәлігінің көшірмесі;»;

б) тармақшаның төртінші абзацы алып тасталсын;

14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«14. Банктік шот шартында:

1) шарттың мәні;

2) жинақ шотын ашу кезінде осындай құжатты ұсыну талап етілмейтін жағдайларды қоспағанда, клиенттің реттеуші орган берген құжатта көрсетілген сәйкестендіру нөмірі;

3) клиенттің жеке сәйкестендіру коды;

4) банктің қызмет көрсету талаптары және олар үшін ақы төлеу тәртібі қамтылады.»;

17-тармақта:

1) тармақшаның үшінші және төртінші абзацтары алып тасталсын;

2) тармақшаның бесінші абзацы алып тасталсын;

4) тармақшаның бесінші абзацы алып тасталсын;

18-тармақтың 1) тармақшасының үшінші абзацы алып тасталсын;

20-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«20. Клиент бір банкте (оның филиалдары мен бөлімшелерінде) бірнеше шот ашқан жағдайда, банк шот ашу үшін көзделген құжаттарды (занды тұлға клиенттер үшін – қол қою үлгілері мен мөрдің бедері бар құжатты, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер үшін – бюджеттің орындалуы жөніндегі орталық уәкілетті органның рұқсатын және жеке тұлға клиенттер үшін – жеке басын куәландыратын құжатты қоспағанда) мынадай жағдайлардың бірі болса:

1) егер клиент алғашқы шотын ашқан банкте (филиалда, бөлімшеде) банктік шот ашатын болса;

2) не, егер клиентке алғашқы шот ашылған банктің (филиалдың, бөлімшенің) осы Ережеге сәйкес банктік шот ашу үшін қажетті құжаттардың толық топтамасының бар екенін растайтын құжаты болса, клиенттің қайтадан тапсыруын талап етпейді.

Банктің осы банкте ашылған банк шоты бар жеке тұлға клиентке электрондық сандық қолтаңбаны немесе клиенттің динамикалық сәйкестендірілуін пайдалана отырып электрондық түрде жасалған шарт негізінде, жеке басын куәландыратын құжатты қайтадан ұсынбай, осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген талаптарды сақтай отырып, банк шотын ашуға рұқсат етіледі.

Занды тұлға клиентке бір банкте (филиалда, бөлімшеде) қол қою үлгілері мен мөрдің бедері бар бір құжат негізінде банкте осы Ережеде көзделген банктік шот ашу үшін қажетті басқа құжаттардың болуы, сондай-ақ мынадай талаптардың орындалуы шартымен бірнеше банк шотын ашуға рұқсат етіледі:

банкте (филиалда, бөлімшеде) әрбір клиент бойынша электронды түрде істі қалыптастыру жөніндегі қажетті бағдарламалық қамтамасыз ету (бұдан әрі – электронды досье) және банкте (филиалда, бөлімшеде) банк шотының болуы туралы ақпарат болуы тиіс;

банк шотын ашу кезінде клиенттің электронды досьесінде өзгерістер болмауы тиіс.

Клиенттің алғашқы шоты ашылған банктің басқа филиалында (бөлімшесінде) құжаттардың толық топтамасының бар екенін, оның ішінде қолда бар құжаттарды электрондық түрде беру жолымен банктің (филиалдың, бөлімшенің) растау тәртібін банк дербес белгілейді.»;

мынадай мазмұндағы 20-2-тармақпен толықтырылсын:

«20-2. Жеке тұлғаны салық органдарында дара кәсіпкер, жекеше нотариус, адвокат, жеке сот орындаушысы ретінде тіркеу туралы ақпарат алу үшін банк салық төлеушілер туралы, салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түсімдерін қамтамасыз ету саласында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган беретін ақпаратты пайдаланады.»;

23-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«23. Дара кәсіпкер, жекеше нотариус, жеке сот орындаушысы, адвокат ретінде тіркеуде есепте тұрған жеке тұлғаға, шетелдікке және азаматтығы жоқ тұлғаға, резидент еместі қоса алғанда, занды тұлғаға, оның құрылымдық бөлімшелеріне бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтерін, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының активтерін, арнайы қаржы компаниясы облигацияларының шығарылымын қамтамасыз ету болып табылатын активтерді және инвестициялық қордың активтерін сақтауға арналған банк шоттарын, резидент емес занды тұлғалардың, шетелдіктердің және азаматтығы жоқ тұлғалардың жинақ шоттарын, шетелдік

корреспондент банктердің корреспонденттік шоттарын, мемлекеттік бюджеттен және Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін жәрдемақылар мен әлеуметтік төлемдер алуға арналған банк шоттарын қоспағанда, банктер банк шоты ашылған күннен кейінгі бір жұмыс күнінен кешіктірмей тиісті салық қызметі органдарын хабарламаларды кепілдікпен жеткізуді қамтамасыз ететін ақпараттық-коммуникациялық желі бойынша беру арқылы салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірін көрсете отырып, көрсетілген шоттардың ашылғаны туралы хабардар етеді.».

46-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«46. Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекеменің банк шотын жабу бюджеттің орындалуы жөніндегі орталық уәкілетті орган осы мемлекеттік мекемеге банк шотын ашу үшін берілген рұқсатты қайтарып алған не осындай рұқсатты қолдану мерзімі аяқталған жағдайда жүргізіледі.».

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Алматы қаласы

2014 жылғы 27 мамыр

№ 97

*Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық
актілеріне банктік қызметті реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен
толықтырулар енгізу туралы*

Екінші деңгейдегі банктердің қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Екінші деңгейдегі банктер үшін пруденциалдық нормативтер есеп айырысуларының нормативтік мәні мен әдістемесі туралы нұсқаулықты бекіту туралы» 2005 жылғы 30 қыркүйектегі №358 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3924 тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Екінші деңгейдегі банктер үшін пруденциялық нормативтер есеп айырысуларының нормативтік мәні мен әдістемесі туралы нұсқаулықта:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

«Осы Нұсқаулық екінші деңгейдегі банктер (бұдан әрі – банктер) сақтауы міндетті пруденциялық нормативтер есебінің нормативтік мәндері мен әдістемесін белгілейді. Нормативтік мәндер үтірден кейін үш таңбалы санмен көрсетіледі.

2015 жылғы 1 қаңтардан бастап 2015 жылғы 31 желтоқсан аралығындағы кезеңде пруденциялық нормативтердің есебі банктердің халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (бұдан әрі – ХҚЕС) сәйкес қаржылық есептілік негізінде жүзеге асырылады.

2016 жылғы 1 қаңтардан бастап пруденциялық нормативтердің есебі қаржылық есептілік негізінде, ал еншілес ұйымдары болған жағдайда еншілес сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын қоспағанда, ХҚЕС-ке сәйкес жасалған шоғырландырылған қаржылық есептілік негізінде жүзеге асырылады.»;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Меншікті капитал бірінші деңгейдегі капитал мен екінші деңгейдегі капиталдың сомасы ретінде есептеледі.

Осы Нұсқаулықтың мақсаттары үшін Standard&Poor's агенттігінің ұзақ мерзімді кредиттік рейтингілік бағаларынан басқа қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган Moody's Investors Service және Fitch агенттіктерінің (бұдан әрі – басқа рейтингілік агенттіктер) ұзақ мерзімді кредиттік рейтингілік бағаларын да таниды.

Осы Нұсқаулықтың мақсаттары үшін мынадай ұйымдар халықаралық қаржы ұйымдарына жатады:

Азия даму банкі (the Asian Development Bank);

Америкааралық даму банкі (the Inter-American Development Bank);

Африка даму банкі (the African Development Bank);

Еуразия даму банкі (Eurasian Development Bank);

Еуропа қайта құру және даму банкі (the European Bank for Reconstruction and Development);

Еуропалық инвестициялық банк (the European Investment Bank);

Еуропалық Кеңестің Даму Банкі (the Council of Europe Development Bank);

Ислам даму банкі (the Islamic Development Bank);

Ислам жеке секторды дамыту корпорациясы (ICD);

Көптарапты инвестицияларға кепілдік беру агенттігі;

Скандинавия инвестициялық банкі (the Nordic Investment Bank);

Халықаралық валюта қоры;

Халықаралық даму қауымдастығы;

Халықаралық инвестициялық дауларды реттеу орталығы;

Халықаралық қайта құру және даму банкі (the International Bank for Reconstruction and Development);

Халықаралық қаржы корпорациясы (the International Finance Corporation).»;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Бірінші деңгейдегі капитал негізгі капитал мен қосымша капитал сомасы ретінде есептеледі:

1) негізгі капитал:

мынадай реттеуіш түзетулерді:

меншікті сатып алынған жай акцияларды;

гудвилді қоса алғанда, материалдық емес активтерді;

өткен жылдардың шығындарын;

ағымдағы жылдың шығындарын;

шегерілетін уақытша айырмаларға қатысты танылған кейінге қалдырылған салық активтерінің бөлігін қоспағанда, кейінге қалдырылған салық міндеттемелерін шегергенде кейінге қалдырылған салық активін;

өзге де қайта бағалау бойынша резервтерді;

активтерді секьюритилендіру бойынша транзакциялармен байланысты сатудан түскен кірістерді.

Мұндай кірістерге келешекте толық немесе ішінара кіріс алуды күтумен секьюритилендіру талаптарымен алынуына байланысты келешек кезеңдердің шекті кірісі жатқызылады;

ХҚЕС 9 сәйкес қаржылық міндеттемелер бойынша кредиттік тәуекелдің өзгеруіне байланысты осындай міндеттемелердің әділ құнының өзгеруінен болған кірістерді немесе шығындарды;

қосымша капиталдан шегерілуі тиіс, бірақ оның жеткіліксіз деңгейіне байланысты негізгі капиталдан шегерілетін реттеуіш түзетулерді;

осы Нұсқаулықтың 4-1-тармағында көрсетілген инвестицияларды шегергенде;

осы Нұсқаулықтың 1-1-қосымшасында көзделген негізгі капиталдың қаржы құралдары критерийлеріне сәйкес келетін төленген жай акциялардың;

миноритарлы акционерлерге (үшінші тұлғаларға) тиесілі еншілес банктер шығарған 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап төленген жай акциялардың;

төленген қосымша капиталдың;

өткен жылдардың бөлінбеген таза пайдасының;

ағымдағы жылдың бөлінбеген таза пайдасының;

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2011 жылғы 31 қаңтардағы № 3 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6793 тіркелген) бекітілген Екінші деңгейдегі банктердегі, ипотекалық ұйымдардағы және «Қазақстан Даму Банкі» акционерлік қоғамындағы бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспарының (бұдан әрі – Үлгі шот жоспары) 2014 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 3510 «Резервтік капитал» және Үлгі шот жоспарының 2014 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 3400 «Динамикалық резервтер» баланстық шотындағы қалдықтар сомасы ретінде айқындалатын жинақталған ашып көрсетілген резервтің;

сату үшін қолда бар негізгі құралдарды және қаржы активтері құнын қайта бағалау бойынша резервтердің сомасы ретінде есептеледі;

2) қосымша капиталға осы Нұсқаулықтың 1-1-қосымшасында белгіленген критерийлерге сәйкес келетін мерзімсіз шарттар енгізіледі, олардың нәтижесінде бір мезгілде бір тұлғада қаржы активі және қаржылық міндеттемелер немесе заңды тұлғаның барлық міндеттемелерін басқа тұлғадан шегергеннен кейін қалған активтер үлесіне оның құқығын растайтын басқа қаржы құралы (бұдан әрі - мерзімсіз қаржы құралдары), сондай-ақ осы Нұсқаулықтың 1-1-қосымшасында белгіленген критерийлерге сәйкес келетін төленген артықшылықты акциялар пайда болады.

Қосымша капитал мөлшері мынадай реттеуіш түзетулер сомасына азаяды:

банктің меншікті мерзімсіз қаржы құралдарына тікелей не жанама тәсілмен инвестициялары;

банктің меншікті сатып алынған артықшылықты акциялары;

осы Нұсқаулықтың 4-1-тармағында көрсетілген инвестициялар;

екінші деңгейдегі капиталдан шегерілуі тиіс, бірақ оның жеткіліксіз деңгейіне байланысты қосымша капиталдан шегерілетін реттеуіш түзетулер.

Банктің қосымша капитал сомасы шегеруге жеткіліксіз болса, қалған бөлік банктің негізгі капиталынан шегеріледі.

Банк инвестициялары банктің акцияларға салымдарын (жарғылық капиталда қатысу үлестерін), мерзімсіз қаржы құралдарын, сондай-ақ заңды тұлғаның реттелген борышын білдіреді.»;

мынадай мазмұндағы 4-1-тармақпен толықтырылсын:

«4-1. Банктердің бірінші деңгейдегі капиталдан акцияларға инвестицияларды (жарғылық капиталға

қатысу үлестерін), мерзімсіз қаржы құралдарын, реттелген борышты (бұдан әрі – қаржы құралдары) шегеру мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

1) негізгі капиталдан:

2015 жылғы 1 қаңтар – 2015 жылғы 31 қаңтар аралығында:

сақтандыру ұйымының шығарылған акцияларының кем дегенде 10 (он) пайызын құрайтын, жиынтығында банктің негізгі капиталының 10 (он) пайызынан асатын инвестициялар сомасы;

сақтандыру ұйымының шығарылған акцияларының 10 (он) және одан көп пайызын құрайтын, жиынтығында банктің негізгі капиталының 15 (он бес) пайызынан асатын инвестициялар сомасы;

2016 жылғы 1 қаңтардан бастап:

банктің қаржылық есептілігі ХҚЕС сәйкес жасаған кезде қаржылық есептілігі шоғырландырылмайтын заңды тұлғалардың қаржы құралдарына банк инвестициялары мынадай талаптарға сәйкес болады:

егер банк шығарылған акциялардың (жарғылық капиталында қатысу үлестердің) кем дегенде 10 (он) пайызына ие қаржы ұйымдарының қаржы құралдарына банктің инвестициялары жиынтығында осы Нұсқаулықтың 4-тармағында көрсетілген реттеуіш түзетулерді қолданғаннан кейін банктің негізгі капиталының 10 (он) пайызынан асатын болса, инвестициялардың жалпы сомасындағы жай акцияларға инвестициялардың үлесіне көбейтілген артылған сома негізгі капиталдан шегерілуі тиіс;

банк заңды тұлғаның шығарылған акцияларының (жарғылық капиталында қатысу үлестерінің) 10 (он) және одан көп пайызына ие қаржы ұйымдарының жай акцияларына банктің инвестициялары, сондай-ақ шегерілетін уақытша айырмаларға қатысты танылған кейінге қалдырылған салық активтерінің бөлігі жиынтығында осы Нұсқаулықтың 4-тармағында көрсетілген реттеуіш түзетулерді қолданғаннан кейін банктің негізгі капиталының 15 (он бес) пайызынан асатын болса, артылған сома негізгі капиталдан шегерілуі тиіс.

2018 жылғы 1 қаңтардан бастап заңды тұлғаның шығарылған акцияларының (жарғылық капиталында қатысу үлестерінің) 10 (он) және одан көп пайызынан тұратын инвестициялар және шегерілетін уақытша айырмаларға қатысты танылған кейінге қалдырылған салық активтерінің сомасы осы Нұсқаулықтың 4-тармағында көрсетілген реттеуіш түзетулерді қолданғаннан кейін банктің негізгі капиталының 15 (он бес) пайызынан аспайды;

2) қосымша капиталдан:

егер банк шығарылған акциялардың (жарғылық капиталында қатысу үлестердің) кем дегенде 10 (он) пайызына ие қаржы ұйымдарының қаржы құралдарына банктің инвестициялары жиынтығында осы Нұсқаулықтың 4-тармағында көрсетілген реттеуіш түзетулерді қолданғаннан кейін банктің негізгі капиталының 10 (он) пайызынан асатын болса, инвестициялардың жалпы сомасындағы мерзімсіз қаржы құралдарына инвестициялардың үлесіне көбейтілген артылған сома қосымша капиталдан шегерілуі тиіс;

банк шығарылған акциялардың (жарғылық капиталында қатысу үлестердің) 10 (он) және одан көп пайызына ие қаржы ұйымдарының мерзімсіз қаржы құралдарына банктің инвестициясы қосымша капиталдан шегерілуі тиіс.

Қосымша капитал сомасы шегеруге жеткіліксіз болса, сома банктің негізгі капиталынан шегеріледі;

3) екінші деңгейдегі капиталдан:

егер банк шығарылған акциялардың (жарғылық капиталында қатысу үлестердің) кем дегенде 10 (он) пайызына ие қаржы ұйымдарының қаржы құралдарына банктің инвестициялары жиынтығында осы Нұсқаулықтың 4-тармағында көрсетілген реттеуіш түзетулерді қолданғаннан кейін банктің негізгі капиталының 10 (он) пайызынан асатын болса, инвестициялардың жалпы сомасындағы реттелген борышқа инвестициялардың үлесіне көбейтілген артылған сома екінші деңгейдегі капиталдан шегерілуі тиіс;

банк заңды тұлғаның шығарылған акцияларының (жарғылық капиталында қатысу үлестерінің) 10 (он) және одан көп пайызына ие қаржы ұйымдарының реттелген борышына банктің инвестициясы екінші деңгейдегі капиталдан шегерілуі тиіс.

Екінші деңгейдегі капитал сомасы шегеруге жеткіліксіз болса, сома банктің бірінші деңгейдегі капиталынан шегеріледі.

Меншікті капитал есебінен шегерілмейтін инвестициялар осы Нұсқаулықтың 1-қосымшасына сәйкес кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленеді.»;

5, 6 және 7-тармақтар алып тасталсын;

8, 9 және 10-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«8. 2015 жылғы 1 қаңтарға дейін тартылған мерзімсіз қаржы құралдары, осы Нұсқаулықтың 1-1-қосымшасында белгіленген критерийлерге сәйкес келмейтін банктің артықшылықты акциялары мынадай талаптарға сәйкес қосымша капиталға енгізіледі:

2015 жылғы 1 қаңтардан бастап – мерзімсіз қаржы құралдары және (немесе) төленген артықшылықты акциялар сомасының 80 (сексен) пайызы мөлшерінде;

2016 жылғы 1 қаңтардан бастап – мерзімсіз қаржы құралдары және (немесе) төленген артықшылықты акциялар сомасының 60 (алпыс) пайызы мөлшерінде;

2017 жылғы 1 қаңтардан бастап – мерзімсіз қаржы құралдары және (немесе) төленген артықшылықты акциялар сомасының 40 (қырық) пайызы мөлшерінде;

2018 жылғы 1 қаңтардан бастап – мерзімсіз қаржы құралдары және (немесе) төленген артықшылықты акциялар сомасының 20 (жиырма) пайызы мөлшерінде;

2019 жылғы 1 қаңтардан бастап мерзімсіз қаржы құралдарының және (немесе) төленген артықшылықты акциялардың сомасы қосымша капитал есебінен алып тасталады.

Меншікті капиталдың есебіне банктің нақты алынған ақшасы мөлшеріндегі мерзімсіз қаржы құралдарының және төленген артықшылықты акциялардың төленген сомасы қосылады.

9. Мерзімсіз қаржы құралдары банктің меншікті капиталының есебіне банктің мерзімсіз қаржы құралдарын шығару шарты немесе талаптары осы Нұсқаулықтың 1-1-қосымшасында белгіленген критерийлерге сай екендігі туралы уәкілетті органның жазбаша растауымен енгізіледі.

Уәкілетті органның осы тармақта көзделген жазбаша растау мақсатында уәкілетті орган бекіткен банктің мерзімсіз қаржы құралдарын шығару шартының немесе талаптарының көшірмелері уәкілетті органға беріледі.

10. Екінші деңгейдегі капитал:

банктің сатып алынған меншікті реттелген борышын шегергенде;

осы Нұсқаулықтың 4-1-тармағында көрсетілген инвестицияларды шегергенде, реттелген борыш сомасы ретінде есептеледі.

«Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» 1995 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қайта құрылымдауға жататын банк үшін реттелген борыш екінші деңгейдегі капиталға сот шешімімен айқындалған қайта құрылымдау жүргізу мерзімі аяқталған күнінен бастап бес жыл ішінде банктің сатып алынған меншікті реттелген борышын шегергенде, бірінші деңгейдегі капитал сомасының 75 (жетпіс бес) пайызынан аспайтын сомада енгізіледі.

2015 жылғы 1 қаңтарға дейін тартылған, осы Нұсқаулықтың 1-1-қосымшасында белгіленген критерийлерге сай келмейтін реттелген борыш мөлшері мынадай талаптарға сәйкес екінші деңгейдегі капитал есебіне енгізіледі:

2015 жылғы 1 қаңтардан бастап – реттелген борыш сомасының 80 (сексен) пайызы мөлшерінде;

2016 жылғы 1 қаңтардан бастап – реттелген борыш сомасының 60 (алпыс) пайызы мөлшерінде;

2017 жылғы 1 қаңтардан бастап – реттелген борыш сомасының 40 (қырық) пайызы мөлшерінде;

2018 жылғы 1 қаңтардан бастап – реттелген борыш сомасының 20 (жиырма) пайызы мөлшерінде;

2019 жылғы 1 қаңтардан бастап реттелген борыш сомасы екінші деңгейдегі капитал есебінен алып тасталады.

2015 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша кем дегенде 5 (бес) жылды құрайтын өтеу мерзімімен реттелген борыштың мөлшері 2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша енгізілетін мөлшерде екінші деңгейдегі капитал есебіне енгізілуді жалғастырады және жыл сайын 1 қаңтардағы жағдай бойынша реттелген борыш сомасынан 20 (жиырма) пайызға төмендейді.»;

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«11. Банктің реттелген борышы - бұл банктің осы Нұсқаулықтың 1-1-қосымшасында белгіленген критерийлерге сәйкес келетін банктің қамтамасыз етілген міндеттемесі.»;

12-тармақ алып тасталсын;

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«13. Банктің меншікті капиталының жеткіліктілігі мынадай коэффициенттермен сипатталады:

1) негізгі капитал жеткіліктілігінің коэффициенті (k_1):

негізгі капиталдың мынадай сомаға қатынасы:

кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленген активтер, шартты және ықтимал міндеттемелер; нарықтық тәуекелді ескере отырып есептелген активтер, шартты және ықтимал талаптар мен

міндеттемелер;

операциялық тәуекел;

2) бірінші деңгейдегі капитал жеткіліктілігінің коэффициенті (k_{1-2}):

бірінші деңгейдегі капиталдың мынадай сомаға қатынасы:

кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленген активтер, шартты және ықтимал міндеттемелер; нарықтық тәуекелді ескере отырып есептелген активтер, шартты және ықтимал талаптар мен

міндеттемелер;

операциялық тәуекел;

3) меншікті капитал жеткіліктілігінің коэффициенті (k_2):

меншікті капиталдың мынадай сомаға қатынасы:

кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленген активтер, шартты және ықтимал міндеттемелер; нарықтық тәуекелді ескере отырып есептелген активтер, шартты және ықтимал талаптар мен

міндеттемелер;

операциялық тәуекел.

k_1 , k_{1-2} и k_2 коэффициенттерінің есебіне қабылданатын тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленген активтер, шартты және ықтимал міндеттемелер ХҚЕС-ке сәйкес қалыптастырылған резервтерді шегере отырып, енгізіледі.

Капитал жеткіліктілігі коэффициентінің мәні осы Нұсқаулықтың 1-2-қосымшасында белгіленген.

Меншікті капитал жеткіліктілігі коэффициенттерінің мәндеріне қосымша меншікті капитал буферлерінің мынадай мәндері белгіленеді:

консервациялық буферге қойылатын талап тұрақты негізде орындалады және мыналарды:

барлық банктер үшін:

2015 жылғы 1 қаңтардан бастап – 1 пайыз;

2016 жылғы 1 қаңтардан бастап – 2 пайыз;

2017 жылғы 1 қаңтардан бастап – 3 пайыз;

жүйе құраушы банктер үшін:

2015 жылғы 1 қаңтардан бастап – 2,5 пайыз;

2016 жылғы 1 қаңтардан бастап – 3 пайыз;

уәкілетті орган қарсы циклдік буферді есептеу басталған күнге дейін кем дегенде 12 ай бұрын енгізу мөлшері мен мерзімдерін белгілейтін қарсы циклдік буфер. Қарсы циклдік буфер мөлшерінің ауқымы тәуекелдерді ескере отырып, мөлшерленген активтер, шартты және ықтимал міндеттемелер сомасының 0 (нөл) пайызынан 3 (үш) пайызға дейін;

жүйелік буфер, мұны есептеуге қойылатын талаптар Қазақстан Республикасының заңнама талаптарына сәйкес танылған жүйе құраушы банктерге қолданылады. Жүйелік буферге қойылатын талап 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап тұрақты негізде орындалады және тәуекелдерді ескере отырып, мөлшерленген активтер, шартты және ықтимал міндеттемелер сомасының 1 (бір) пайызын құрайды.

Егер k_1 , k_{1-2} және k_2 коэффициенттерінің нақты мәні осы Нұсқаулықтың 1-2-қосымшасында белгіленгеннен төмен болмаса, бірақ бұл ретте көрсетілген коэффициенттерінің кез келген біреуі меншікті капитал буферлерін ескере отырып талап етілетін нормативтердің белгіленген мәнінен кем болса, онда дивидендтерге төлемді тоқтату және «Акционерлік қоғамдар туралы» 2013 жылғы 13 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңында көзделген жағдайларды қоспағанда, акциялардың кері сатып алу бөлігінде банктің бөлінбеген таза кірісін пайдалануға осы Нұсқаулықтың 1-3-қосымшасына сәйкес шектеу қойылады.

Меншікті капитал буферлерін ескере отырып, меншікті капитал жеткіліктілігі коэффициенттерінің мәндеріне тізбесі осы Нұсқаулықтың 4-тармағында белгіленген негізгі капитал компоненттерінің есебінен жетеді.

Осы Нұсқаулықтың талаптарына сәйкес есептелген меншікті капиталдың буферлер мөлшері бухгалтерлік есепте көрсетілмейді.

Уәкілетті орган меншікті капитал жеткіліктілігі нормативтерінің және меншікті капиталы буферлерінің мәндерін үш жылда бір реттен жиі емес қайта қарайды.»;

14 және 15-тармақтар алып тасталсын;

16-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«16. Кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленетін активтерді, шартты және ықтимал

міндеттемелерді есептеу осы Нұсқаулықтың 1 және 2-қосымшаларына сәйкес жүргізіледі.

Тәуекел дәрежесі бойынша активтерді, шартты және ықтимал міндеттемелерді мөлшерлеу мақсаттарында активтер, шартты және ықтимал міндеттемелер халықаралық қаржылық есептелік стандарттарына сәйкес олар бойынша құрылған резервтер сомасына азайтылады.

Кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленетін шартты және ықтимал міндеттемелер осы Нұсқаулықтың 2-қосымшасына сәйкес есептелген шартты және ықтимал міндеттемелер сомасының банк кредиттік тәуекелдер көтеретін тәуекелдің осы Нұсқаулықтың 1-қосымшасында көрсетілген қарсы агенттің санатына сәйкес келетін дәрежесіне көбейтіндісі ретінде айқындалады.

Своптар, фьючерстер, опциондар, форвардтар аталған қаржы құралдарының нарықтық құнының және олар бойынша кредиттік тәуекел сомасын осы Нұсқаулықтың 1-қосымшасында көрсетілген қарсы агент санатына сәйкес келетін тәуекел дәрежесіне көбейту жолымен кредиттік тәуекелді ескеріп, мөлшерленген шартты және ықтимал міндеттемелер есебіне енгізіледі.

Своп, фьючерс, опцион және форвард операциялары бойынша кредиттік тәуекел осы Нұсқаулықтың 3-қосымшасында көрсетілген және аталған қаржы құралдарын өтеу мерзімімен анықталатын кредиттік тәуекел коэффициентіне аталған қаржы құралдарының номиналдық құнының туындысы ретінде есептеледі.

Осы тармақта көрсетілген қаржы құралдарының нарықтық құны (ауыстыру құны) мынадай болып көрсетіледі:

сатып алуға арналған мәмілелер бойынша - берілген қаржы құралының номиналды шартты құнынан қаржы құралының ағымдағы нарықтық құнының асу мөлшері. Егер қаржы құралының ағымдағы нарықтық құны оның номиналды шартты құнынан аз немесе оған тең болған жағдайда, ауыстыру құны нөлге тең болады;

сатуға арналған мәмілелер бойынша - берілген қаржы құралының ағымдағы нарықтық құнынан қаржы құралының номиналды шартты құнының асу мөлшері. Егер қаржы құралының номиналды шартты құны оның ағымдағы нарықтық құнынан аз немесе оған тең болған жағдайда, ауыстыру құны нөлге тең болады.

Бивалюталық қаржы құралдары бойынша (қаржы құралдары бойынша талап пен міндеттеме әр түрлі шетел валютасында көрсетілген қаржы құралдары бойынша) ауыстыру құны есептілікті құру күніне белгіленген бағам бойынша айқындалған міндеттемелердің теңгелік баламасынан талаптардың теңгелік баламасының асу мөлшері ретінде анықталады. Егер талаптардың теңгелік балама мөлшері міндеттемелердің теңгелік баламасынан аз немесе оған тең болған жағдайда, ауыстыру құны нөлге тең болады.

Осы тармақта көрсетілген қаржы құралдарының номиналды шартты құны бухгалтерлік есептің тиісті шоттарында мәмілелерді жасау күніне белгіленген қаржы құралдарының құны ретінде көрсетіледі. Бивалюталық қаржы құралдарының номиналды шартты құны ретінде банктің талаптары құрылатын валюта алынады.

Сатылған опциондар кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленген шартты және ықтимал міндеттемелердің есебіне енгізілмейді.

Активтердің, шартты және ықтимал талаптардың және міндеттемелердің есебі нарықтық тәуекелді ескере отырып, осы Нұсқаулықтың 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29 және 30-тармағына сәйкес жасалады;

Операциялық тәуекелдің есебі осы Нұсқаулықтың 31-тармағына сәйкес жасалады.

Меншікті капиталдың жеткіліктілік коэффициенттерін есептеу кезінде (k1-1, k1-2 және k2) салымдардың тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленетін активтердің мөлшерінен және активтер мөлшерінен банк кастодиан шарты негізінде сақтауға қабылдаған инвестицияланбаған қаражаттардың қалдығы алынып тасталады.

Осы Меншікті капиталының жеткіліктілік коэффициенттерінің (k1-1, k1-2 және k2) ең төменгі мәнін сақтау бойынша нұсқаулықтың талаптары «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қайта құрылымдауды жүзеге асыратын (жүзеге асырған), ірі акционері «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы болып табылатын банктерге таратылмайды, егер уәкілетті орган мақұлдаған банктің қаржылық тұрақтылығын арттыру, банк қызметіне байланысты оның қаржылық жағдайын және тәуекелдерді ұлғайту бойынша ертерек ден қою шараларын көздейтін іс-шаралар жоспарында меншікті капиталының жеткіліктілік коэффициенттерінің

(k1-1, k1-2 және k2) мәні мен меншікті капиталының жеткіліктілік коэффициенттерінің мәні қолданылатын мерзімі анықталса банк жүйесін құрайтын критерийлерге сәйкес келетін банктерге қолданылмайды.»;

18-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«18. Нарықтық тәуекелді ескергендегі активтер, шартты және ықтимал талаптар мен міндеттемелер 13,3-ке тең келтіру коэффициентінің туындысы ретінде мына сомада есептеледі:

сыйақы мөлшерлемесінің өзгеруіне байланысты нарықтық тәуекелі бар қаржы құралы бойынша тәуекелмен;

нарықтық құнның өзгеруіне байланысты нарықтық тәуекелі бар қаржы құралы бойынша тәуекелмен; валюталардың айырбас бағамдарының және қымбат металдардың бағамдарының өзгеруіне байланысты нарықтық тәуекелі бар қаржы құралы бойынша тәуекелмен.

2015 жылғы 1 қаңтардан бастап келтіру коэффициентінің мәні 12,5 тең.

2016 жылғы 1 қаңтардан бастап келтіру коэффициентінің мәні 12,5 тең.

2017 жылғы 1 қаңтардан бастап келтіру коэффициентінің мәні 11,1 тең.

2018 жылғы 1 қаңтардан бастап келтіру коэффициентінің мәні 10 тең.

2019 жылғы 1 қаңтардан бастап келтіру коэффициентінің мәні 8,3 тең.»;

26, 27 және 28-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«26. Акциялардың нарықтық құны немесе акциялар индексі өзгеруіне байланысты қаржы құралдарының нарықтық тәуекелі бар айрықша тәуекелі 0,075-ке тең айрықша тәуекел коэффициенті бойынша мөлшерленген көрсетілген қаржы құралдары бойынша ашық (ұзын және қысқа) позициялар сомасын білдіреді.

2015 жылғы 1 қаңтардан бастап ерекше тәуекел коэффициентінің мәні 0,08 тең.

2016 жылғы 1 қаңтардан бастап ерекше тәуекел коэффициентінің мәні 0,08 тең.

2017 жылғы 1 қаңтардан бастап ерекше тәуекел коэффициентінің мәні 0,09 тең.

2018 жылғы 1 қаңтардан бастап ерекше тәуекел коэффициентінің мәні 0,10 тең.

2019 жылғы 1 қаңтардан бастап ерекше тәуекел коэффициентінің мәні 0,12 тең.»;

27. Жалпы тәуекел белгілі бір акциялар немесе акциялардың белгілі бір индексінің нарықтық құны өзгеруіне байланысты нарықтық тәуекелі бар қаржы құралдары бойынша ұзын позициясы мен қысқа позициясы арасындағы айырмасы 0,075-ке тең жалпы тәуекел коэффициентін туындысын білдіреді.

2015 жылғы 1 қаңтардан бастап жалпы тәуекел коэффициентінің мәні 0,08 тең.

2016 жылғы 1 қаңтардан бастап жалпы тәуекел коэффициентінің мәні 0,08 тең.

2017 жылғы 1 қаңтардан бастап жалпы тәуекел коэффициентінің мәні 0,09 тең.

2018 жылғы 1 қаңтардан бастап жалпы тәуекел коэффициентінің мәні 0,10 тең.

2019 жылғы 1 қаңтардан бастап жалпы тәуекел коэффициентінің мәні 0,12 тең.

28. Шетелдік валюталарының айырбастау бағамы (қымбат металдардың нарықтық құны) өзгеруіне байланысты активтердің, шартты және ықтимал талаптар мен міндеттемелер бойынша тәуекел есебі мына сомалардың бірі мейлінше мәнді болатын 0,075-ке тең валюталық тәуекел коэффициентін жасайтынын білдіреді:

әрбір шетел валютасы бойынша ашық қысқа позициялар (абсолюттік мәнде) және қымбат металдар бойынша ашық (ұзақ/қысқа) позициялар (абсолюттік мәнде);

әрбір шетел валютасы бойынша ашық ұзақ позициялар (абсолюттік мәнде) және қымбат металдар бойынша ашық (ұзақ/қысқа) позициялар (абсолюттік мәнде).

Әрбір шетелдік валюта бойынша ашық валюталық позиция осы Нұсқаулықтың 47-тармағына сәйкес есептеледі.

2015 жылғы 1 қаңтардан бастап валюталық тәуекел коэффициентінің мәні 0,08 тең.

2016 жылғы 1 қаңтардан бастап валюталық тәуекел коэффициентінің мәні 0,08 тең.

2017 жылғы 1 қаңтардан бастап валюталық тәуекел коэффициентінің мәні 0,09 тең.

2018 жылғы 1 қаңтардан бастап валюталық тәуекел коэффициентінің мәні 0,10 тең.

2019 жылғы 1 қаңтардан бастап валюталық тәуекел коэффициентінің мәні 0,12 тең.»;

31-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«31. Операциялық тәуекел соңғы өткен үш жыл ішіндегі жылдық жалпы кірістің орташа шамасының 0,075-ке тең операциялық тәуекел коэффициентіне көбейтіндісіне 13,3-ке тең сәйкес келтіру коэффициентінің көбейтіндісі ретінде есептеледі.

Соңғы өткен үш жыл ішіндегі жылдық жалпы кірістің орташа шамасы әр жыл сайын банктің таза

кіріс алған соңғы өткен үш жыл ішіндегі жылдық жалпы кіріс сомасының банктің таза кіріс алған жылдарының санына қатынасы ретінде есептеледі.

Жаңадан құрылған банктер үшін операциялық тәуекел қаржы жылының аяқталуы бойынша есептеледі және жылдық жалпы кірістің орташа мөлшері өткен жылдар санын негізге ала отырып есептеледі.

Жылдық жалпы кіріс:

жиынтық шығыстарды, провизияларды (резервтерді) қалпына келтіруден болған кірістерді және банктің төтенше кірістерін шегергенде;

жиынтық кірістің, корпоративтік табыс салығының, қамтамасыз етуге арналған қаржының және төтенше шығыстардың сомасы ретінде айқындалады.

Банк шығын алған, бірақ қамтамасыз етуге арналған қаржыны ескергенде, провизияларды (резервтерді) қалпына келтіруден болған кірістерді және төтенше кірістерді шегергенде оң жалпы кіріс болған жыл операциялық тәуекел есебіне кіргізіледі.

2015 жылғы 1 қаңтардан бастап келтіру коэффициентінің мәні 12,5, операциялық тәуекел коэффициенті 0,08 тең.

2016 жылғы 1 қаңтардан бастап келтіру коэффициентінің мәні 12,5, операциялық тәуекел коэффициенті 0,08 тең.

2017 жылғы 1 қаңтардан бастап келтіру коэффициентінің мәні 11,1, операциялық тәуекел коэффициенті 0,09 тең.

2018 жылғы 1 қаңтардан бастап келтіру коэффициентінің мәні 10, операциялық тәуекел коэффициенті 0,10 тең.

2019 жылғы 1 қаңтардан бастап келтіру коэффициентінің мәні 8,3, операциялық тәуекел коэффициенті 0,12 тең.»;

34-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) қарыздар, салымдар, дебиторлық берешектер, бағалы қағаздар (осы Нұсқаулықтың 4-тармағында көрсетілген инвестицияларды қоспағанда);»;

1-қосымша осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес редакцияда жазылсын;
осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес 1-1-қосымшамен толықтырылсын;
осы қаулының 3-қосымшасына сәйкес 1-2-қосымшамен толықтырылсын;
осы қаулының 4-қосымшасына сәйкес 1-3-қосымшамен толықтырылсын;
13-қосымша осы қаулының 5-қосымшасына сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Ислам банктеріне арналған пруденциалдық нормативтер, олардың нормативтік мәндері және есептеу әдістемесі туралы нұсқаулықты бекіту туралы» 2009 жылғы 27 наурыздағы № 66 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5670 тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Ислам банктеріне арналған пруденциалдық нормативтер, олардың нормативтік мәндері және есептеу әдістемесі туралы нұсқаулықта:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

«Осы Нұсқаулық екінші деңгейдегі банктер (бұдан әрі – банктер) сақтауы міндетті нормативтік мәндері мен пруденциялық нормативтер есеп айырысуларының әдістемесін белгілейді. Нормативтік мәндер үтірден кейін үш таңбалы санмен көрсетіледі.

2015 жылғы 1 қаңтардан бастап 2015 жылғы 31 желтоқсан аралығындағы кезеңде пруденциялық нормативтердің есеп айырысуы банктің халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (бұдан әрі – ХҚЕС) сәйкес жасалған қаржылық есептілік негізінде жүзеге асырылады.

2016 жылғы 1 қаңтардан бастап пруденциялық нормативтердің есеп айырысуы қаржылық есептілік негізінде, еншілес ұйымдар болған жағдайда сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын қоспағанда, ХҚЕС сәйкес шоғырландырылған қаржылық есептілік негізінде жүзеге асырылады.»;

Осы Нұсқаулықтың мақсаттары үшін еншілес сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының қаржылық есептілігі банктің шоғырландырылған қаржылық есептілігімен шоғырландырылмайды.»;

3 және 4-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Меншікті капитал бірінші деңгейдегі капитал мен екінші деңгейдегі капиталдың сомасы ретінде есептеледі.

Осы Нұсқаулықтың мақсаттары үшін Standard&Poor's агенттігінің ұзақ мерзімді кредиттік рейтингілік

бағаларынан басқа уәкілетті орган Moody's Investors Service және Fitch агенттіктерінің (бұдан әрі – басқа рейтингтік агенттіктер) ұзақ мерзімді кредиттік рейтингтік бағаларын да таниды.

Осы Нұсқаулықтың мақсаттары үшін мынадай ұйымдар халықаралық қаржы ұйымдарына жатады:

Азия даму банкі (the Asian Development Bank);

Америкааралық даму банкі (the Inter-American Development Bank);

Африка даму банкі (the African Development Bank);

Еуразия даму банкі (Eurasian Development Bank);

Еуропа қайта құру және даму банкі (the European Bank for Reconstruction and Development);

Еуропалық инвестициялық банк (the European Investment Bank);

Еуропалық Кеңестің Даму Банкі (the Council of Europe Development Bank);

Ислам даму банкі (the Islamic Development Bank);

Ислам жеке секторды дамыту корпорациясы (ICD);

Көптарапты инвестицияларға кепілдік беру агенттігі;

Скандинавия инвестициялық банкі (the Nordic Investment Bank);

Халықаралық валюта қоры;

Халықаралық даму қауымдастығы;

Халықаралық инвестициялық дауларды реттеу орталығы;

Халықаралық қайта құру және даму банкі (the International Bank for Reconstruction and Development);

Халықаралық қаржы корпорациясы (the International Finance Corporation).

4. Бірінші деңгейдегі капитал негізгі капитал мен қосымша капитал сомасы ретінде есептеледі:

1) негізгі капитал:

мынадай реттеуіш түзетулерді:

меншікті сатып алынған жай акцияларды;

гудвилді қоса алғанда, материалдық емес активтерді;

өткен жылдардың шығындарын;

ағымдағы жылдың шығындарын;

азайтқыш уақытша айырмаларға қатысты танылған кейінге қалдырылған салық активтерін қоспағанда, кейінге қалдырылған салық міндеттемелерін шегергенде кейінге қалдырылған салық активтерін;

өзге де қайта бағалау бойынша резервтерді;

активтерді секьюритизациялау бойынша транзакциялармен байланысты сатудан түскен кірістерді. Мұндай кірістерге келешекте толық немесе ішінара кіріс алуды күтумен секьюритизациялау талаптарымен алынуына байланысты келешек кезеңдердің шекті кірісі жатқызылады;

ХҚЕС 9 сәйкес қаржылық міндеттемелер бойынша кредиттік тәуекелдің өзгеруіне байланысты осындай міндеттемелердің әділ құнының өзгеруінен болған кірістерді немесе шығындарды;

қосымша капиталдан шегерілуі тиіс, бірақ оның жеткіліксіз деңгейіне байланысты негізгі капиталдан шегерілетін реттеуіш түзетулерді;

осы Нұсқаулықтың 4-1-тармағында көрсетілген инвестицияларды шегергенде;

осы Нұсқаулықтың 1-1-қосымшасымен көзделген негізгі капиталдың қаржы құралдары критерийлеріне сәйкес келетін, төленген жай акциялардың;

миноритарлы акционерлерге (үшінші тұлғаларға) тиесілі еншілес банктер шығарған 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап төленген жай акциялардың;

төленген қосымша капиталдың;

өткен жылдардың бөлінбеген таза пайдасының;

ағымдағы жылдың бөлінбеген таза пайдасының;

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2011 жылғы 31 қаңтардағы №3 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №6793 тіркелген) бекітілген банктердегі, ипотекалық ұйымдардағы және «Қазақстан Даму Банкі» акционерлік қоғамындағы бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспарының 2014 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 3510 «Резервтік капитал» және Үлгі шот жоспарының 2014 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 3400 «Динамикалық резервтер» баланстық шотындағы қалдықтар сомасы ретінде айқындалатын жинақталған ашып көрсетілген резервтің;

сату үшін қолда бар негізгі құралдарды және қаржы активтері құнын қайта бағалау бойынша резервтердің сомасы ретінде есептеледі.»;

осы Нұсқаулықтың 4-1-тармағында көрсетілген инвестициялар;

2) қосымша капиталға осы Нұсқаулықтың 1-1-қосымшасында белгіленген критерийлерге сәйкес келетін мерзімсіз шарттар енгізіледі, олардың нәтижесінде бір мезгілде бір тұлғада қаржы активі және қаржылық міндеттемелер немесе заңды тұлғаның барлық міндеттемелерін басқа тұлғадан шегергеннен кейін қалған активтер үлесіне оның құқығын растайтын басқа қаржы құралы (бұдан әрі - мерзімсіз қаржы құралдары), сондай-ақ осы Нұсқаулықтың 1-1-қосымшасында белгіленген критерийлерге сәйкес келетін төленген артықшылықты акциялар пайда болады.

Қосымша капитал мөлшері мынадай реттеуіш түзетулер сомасына азаяды:

банктің меншікті мерзімсіз қаржы құралдарына тікелей не жанама тәсілмен инвестициялары;

банктің меншікті сатып алынған артықшылықты акциялары;

осы Нұсқаулықтың 4-1-тармағында көрсетілген инвестициялар;

екінші деңгейдегі капиталдан шегерілуі тиіс, бірақ оның жеткіліксіз деңгейіне байланысты қосымша капиталдан шегерілетін реттеуіш түзетулер.

Банктің қосымша капитал сомасы шегеруге жеткіліксіз болса, қалған бөлік банктің негізгі капиталынан шегеріледі.

Банк инвестициялары банктің акцияларға салымдарын (жарғылық капиталда қатысу үлестерін), мерзімсіз қаржы құралдарын, сондай-ақ заңды тұлғаның реттелген борышын білдіреді.»;

мынадай мазмұндағы 4-1-тармақпен толықтырылсын:

«4-1. Банктердің бірінші деңгейдегі капиталдан акцияларға инвестицияларды (жарғылық капиталға қатысу үлестерін), мерзімсіз қаржы құралдарын, реттелген борышты (бұдан әрі – қаржы құралдары) шегеру мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

2) негізгі капиталдан:

2015 жылғы 1 қаңтар – 2015 жылғы 31 қаңтар аралығында:

сақтандыру ұйымының шығарылған акцияларының кем дегенде 10 (он) пайызын құрайтын, жиынтығында банктің негізгі капиталының 10 (он) пайызынан асатын инвестициялар сомасы;

сақтандыру ұйымының шығарылған акцияларының 10 (он) және одан көп пайызын құрайтын, жиынтығында банктің негізгі капиталының 15 (он бес) пайызынан асатын инвестициялар сомасы;

2016 жылғы 1 қаңтардан бастап:

банктің қаржылық есептілігі ХҚЕС сәйкес жасаған кезде қаржылық есептілігі шоғырландырылмайтын заңды тұлғалардың қаржы құралдарына банк инвестициялары мынадай талаптарға сәйкес болады:

егер банк шығарылған акциялардың (жарғылық капиталында қатысу үлестердің) кем дегенде 10 (он) пайызына ие қаржы ұйымдарының қаржы құралдарына банктің инвестициялары жиынтығында осы Нұсқаулықтың 4-тармағында көрсетілген реттеуіш түзетулерді қолданғаннан кейін банктің негізгі капиталының 10 (он) пайызынан асатын болса, инвестициялардың жалпы сомасындағы жай акцияларға инвестициялардың үлесіне көбейтілген артылған сома негізгі капиталдан шегерілуі тиіс;

банк заңды тұлғаның шығарылған акцияларының (жарғылық капиталында қатысу үлестерінің) 10 (он) және одан көп пайызына ие қаржы ұйымдарының жай акцияларына банктің инвестициялары, сондай-ақ шегерілетін уақытша айырмаларға қатысты танылған кейінге қалдырылған салық активтерінің бөлігі жиынтығында осы Нұсқаулықтың 4-тармағында көрсетілген реттеуіш түзетулерді қолданғаннан кейін банктің негізгі капиталының 15 (он бес) пайызынан асатын болса, артылған сома негізгі капиталдан шегерілуі тиіс.

2018 жылғы 1 қаңтардан бастап заңды тұлғаның шығарылған акцияларының (жарғылық капиталында қатысу үлестерінің) 10 (он) және одан көп пайызынан тұратын инвестициялар және шегерілетін уақытша айырмаларға қатысты танылған кейінге қалдырылған салық активтерінің сомасы осы Нұсқаулықтың 4-тармағында көрсетілген реттеуіш түзетулерді қолданғаннан кейін банктің негізгі капиталының 15 (он бес) пайызынан аспайды;

2) қосымша капиталдан:

егер банк шығарылған акциялардың (жарғылық капиталында қатысу үлестердің) кем дегенде 10 (он) пайызына ие қаржы ұйымдарының қаржы құралдарына банктің инвестициялары жиынтығында осы Нұсқаулықтың 4-тармағында көрсетілген реттеуіш түзетулерді қолданғаннан кейін банктің негізгі капиталының 10 (он) пайызынан асатын болса, инвестициялардың жалпы сомасындағы мерзімсіз қаржы құралдарына инвестициялардың үлесіне көбейтілген артылған сома қосымша капиталдан шегерілуі тиіс;

банк шығарылған акциялардың (жарғылық капиталында қатысу үлестердің) 10 (он) және одан көп пайызына ие қаржы ұйымдарының мерзімсіз қаржы құралдарына банктің инвестициясы қосымша

капиталдан шегерілуі тиіс.

Егер қосымша капитал сомасы шегеруге жеткіліксіз болса, сома банктің негізгі капиталынан шегеріледі.

3) екінші деңгейдегі капиталдан:

егер банк шығарылған акциялардың (жарғылық капиталында қатысу үлестердің) кем дегенде 10 (он) пайызына ие қаржы ұйымдарының қаржы құралдарына банктің инвестициялары жиынтығында осы Нұсқаулықтың 4-тармағында көрсетілген реттеуіш түзетулерді қолданғаннан кейін банктің негізгі капиталының 10 (он) пайызынан асатын болса, инвестициялардың жалпы сомасындағы реттелген борышқа инвестициялардың үлесіне көбейтілген артылған сома екінші деңгейдегі капиталдан шегерілуі тиіс;

банк заңды тұлғаның шығарылған акцияларының (жарғылық капиталында қатысу үлестерінің) 10 (он) және одан көп пайызына ие қаржы ұйымдарының реттелген борышына банктің инвестициясы екінші деңгейдегі капиталдан шегерілуі тиіс.

Егер екінші деңгейдегі капитал сомасы шегеруге жеткіліксіз болса, сома банктің бірінші деңгейдегі капиталынан шегеріледі.

Меншікті капиталдың есебінен шегерілмейтін инвестициялар осы Нұсқаулықтың 1-қосымшасына сәйкес кредиттік тәуекелдің дәрежесі бойынша мөлшерленеді.»;

5 және 6-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Екінші деңгейдегі капитал:

банктің сатып алынған меншікті реттелген борышын шегергенде;

осы Нұсқаулықтың 4-1-тармағында көрсетілген инвестицияларды шегергенде, реттелген борыш сомасы ретінде есептеледі.

2015 жылғы 1 қаңтарға дейін тартылған, осы Нұсқаулықтың 1-1-қосымшасында белгіленген критерийлерге сәйкес келмейтін реттелген борыштың мөлшері екінші деңгейдегі капиталдың есебіне мынадай талаптарға сәйкес енгізіледі:

2015 жылғы 1 қаңтардан бастап – реттелген борыш сомасының 80 (сексен) пайызы мөлшерінде;

2017 жылғы 1 қаңтардан бастап – реттелген борыш сомасының 60 (алпыс) пайызы мөлшерінде;

2017 жылғы 1 қаңтардан бастап – реттелген борыш сомасының 40 (қырық) пайызы мөлшерінде;

2018 жылғы 1 қаңтардан бастап – реттелген борыш сомасының 20 (жиырма) пайызы мөлшерінде;

2019 жылғы 1 қаңтардан бастап реттелген борыш сомасы екінші деңгейдегі капиталдың есебінен шығарылады.

Өтеу мерзімі 2015 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 5 (бес) жылдан кем реттелген борыштың мөлшері 2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша енгізілетін мөлшерде екінші деңгейдегі капиталдың есебіне енгізілуді жалғастырады және жыл сайын 1 қаңтардағы жағдай бойынша реттелген борыш сомасының 20 (жиырма) пайызына төмендейді.

6. Банктің меншікті капиталының жеткіліктілігі мынадай коэффициенттермен сипатталады:

1) негізгі капитал жеткіліктілігінің коэффициенті (k1):

негізгі капиталдың мынадай сомаға қатынасы:

кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленген активтер, шартты және ықтимал міндеттемелер;

нарықтық тәуекелді ескере отырып есептелген активтер, шартты және ықтимал талаптар мен міндеттемелер;

операциялық тәуекел;

2) бірінші деңгейдегі капитал жеткіліктілігінің коэффициенті (k1-2):

бірінші деңгейдегі капиталдың мынадай сомаға қатынасы:

кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленген активтер, шартты және ықтимал міндеттемелер;

нарықтық тәуекелді ескере отырып есептелген активтер, шартты және ықтимал талаптар мен міндеттемелер;

операциялық тәуекел;

3) меншікті капитал жеткіліктілігінің коэффициенті (k2):

меншікті капиталдың мынадай сомаға қатынасы:

кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленген активтер, шартты және ықтимал міндеттемелер;

нарықтық тәуекелді ескере отырып есептелген активтер, шартты және ықтимал талаптар мен міндеттемелер;

операциялық тәуекел.

k1, k1-2 и k2 коэффициенттерінің есебіне қабылданатын тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленген активтер, шартты және ықтимал міндеттемелер ХҚЕС сәйкес қалыптастырылған резервтерді шегере отырып, енгізіледі.

Меншікті капитал жеткіліктілігі коэффициенттерінің мәндері осы Нұсқаулықтың 1-2-қосымшасында белгіленген.

Меншікті капитал жеткіліктілігі коэффициенттерінің мәндеріне қосымша меншікті капитал буферлерінің мынадай мәндері белгіленеді:

консервациялық буферге қойылатын талап тұрақты негізде орындалады және мыналарды:

барлық банктер үшін:

2015 жылғы 1 қаңтардан бастап – 1 пайыз;

2016 жылғы 1 қаңтардан бастап – 2 пайыз;

2017 жылғы 1 қаңтардан бастап – 3 пайыз;

жүйе құраушы банктер үшін:

2015 жылғы 1 қаңтардан бастап – 2,5 пайыз;

2016 жылғы 1 қаңтардан бастап – 3 пайыз;

уәкілетті орган қарсы циклдік буферді есептеу басталған күнге дейін кем дегенде 12 ай бұрын енгізу мөлшері мен мерзімдерін белгілейтін қарсы циклдік буфер. Қарсы циклдік буфер мөлшерінің ауқымы тәуекелдерді ескере отырып, мөлшерленген активтер, шартты және ықтимал міндеттемелер сомасының 0 (нөл) пайызынан 3 (үш) пайызға дейін;

жүйелік буфер, мұны есептеуге қойылатын талаптар Қазақстан Республикасының заңнама талаптарына сәйкес танылған жүйе құраушы банктерге қолданылады. Жүйелік буферге қойылатын талап 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап тұрақты негізде орындалады және тәуекелдерді ескере отырып, мөлшерленген активтер, шартты және ықтимал міндеттемелер сомасының 1 (бір) пайызын құрайды.

Егер k1, k1-2 және k2 коэффициенттерінің нақты мәндері осы Нұсқаулықтың 1-2-қосымшасында белгіленгеннен төмен емес, бірақ бұл ретте көрсетілген коэффициенттердің кез келгені меншікті капитал буферлерін ескере отырып, коэффициенттердің белгіленген мәндеріне қарағанда төмен болса, онда банктің бөлінбеген таза кірісін пайдалануға «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларды қоспағанда, дивиденд төлеуді және акцияларды кері сатып алуды тоқтату бөлігінде осы Нұсқаулықтың 1-3-қосымшасына сәйкес шектеулер қойылады.

Меншікті капитал буферлерін ескере отырып, меншікті капитал жеткіліктілігі коэффициенттерінің мәндеріне тізбесі осы Нұсқаулықтың 4-тармағында белгіленген негізгі капитал компоненттерінің есебінен жетеді.

Нұсқаулықтың осы тармағының талаптарына сәйкес есептелген меншікті капитал буферлерінің мөлшері бухгалтерлік есепте көрсетілмейді.

Уәкілетті орган меншікті капитал жеткіліктілігі нормативтерінің және меншікті капитал буферлерінің мәндерін үш жылда бір реттен жиі емес қайта қарайды.»;

7-тармақ алып тасталсын;

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«8. Кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленетін активтерді, шартты және ықтимал міндеттемелерді есептеу осы Нұсқаулықтың 1 және 2-қосымшаларына сәйкес жүргізіледі.

Тәуекел дәрежесі бойынша активтерді, шартты және ықтимал міндеттемелерді мөлшерлеу мақсаттарында активтер, шартты және ықтимал міндеттемелер халықаралық қаржылық есептелік стандарттарына сәйкес олар бойынша құрылған резервтер сомасына азайтылады.

Кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленетін шартты және ықтимал міндеттемелер осы Нұсқаулықтың 2-қосымшасына сәйкес есептелген шартты және ықтимал міндеттемелер сомасының банк кредиттік тәуекелдер көтеретін тәуекелдің осы Нұсқаулықтың 1-қосымшасында көрсетілген қарсы агенттің санатына сәйкес келетін дәрежесіне көбейтіндісі ретінде айқындалады.

Нарықтық тәуекелді ескере отырып, активтерді, шартты және ықтимал талаптар мен міндеттемелерді есептеу осы Нұсқаулықтың 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18 және 19-тармақтарына сәйкес жүргізіледі.

Операциялық тәуекелді есептеу осы Нұсқаулықтың 26-тармағына сәйкес жүргізіледі.»;

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«10. Нарықтық тәуекелді ескере отырып, активтер, шартты және ықтимал талаптар мен міндеттемелер

13,3-ке тең сәйкес келтіру коэффициентінің көбейтіндісі ретінде:

нарықтық құнның өзгеруіне байланысты нарықтық тәуекелі бар қаржы құралдары бойынша тәуекел; валюталардың айырбас бағамдарының және бағалы металдар бағамдарының өзгеруіне байланысты нарықтық тәуекелі бар қаржы құралдары бойынша тәуекел;

нарықтық құнның өзгеруіне байланысты тауар-материалдық қорлар бойынша тәуекел сомасына есептеледі.

2015 жылғы 1 қаңтардан бастап сәйкес келтіру коэффициентінің мәні 12,5-ке тең.

2016 жылғы 1 қаңтардан бастап сәйкес келтіру коэффициентінің мәні 12,5-ке тең.

2017 жылғы 1 қаңтардан бастап сәйкес келтіру коэффициентінің мәні 11,1-ге тең.

2018 жылғы 1 қаңтардан бастап сәйкес келтіру коэффициентінің мәні 10-ға тең.

2019 жылғы 1 қаңтардан бастап сәйкес келтіру коэффициентінің мәні 8,3-ке тең.»;

13 және 14-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«13. Акциялардың немесе акцияларға индекстің нарықтық құнының өзгеруіне байланысты нарықтық тәуекелі бар қаржы құралдары бойынша ерекше тәуекел 0,075-ке тең ерекше тәуекел коэффициенті бойынша мөлшерленген қаржы құралдары бойынша ашық позициялар (ұзын және қысқа) сомасын көрсетеді.

2015 жылғы 1 қаңтардан бастап ерекше тәуекел коэффициентінің мәні 0,08-ге тең.

2016 жылғы 1 қаңтардан бастап ерекше тәуекел коэффициентінің мәні 0,08-ге тең.

2017 жылғы 1 қаңтардан бастап ерекше тәуекел коэффициентінің мәні 0,09-ға тең.

2018 жылғы 1 қаңтардан бастап ерекше тәуекел коэффициентінің мәні 0,10-ға тең.

2019 жылғы 1 қаңтардан бастап ерекше тәуекел коэффициентінің мәні 0,12-ге тең.

14. Жалпы тәуекел 0,075-ке тең жалпы тәуекел коэффициентінің белгілі бір акциялардың немесе акцияларға белгілі бір индекстің нарықтық құнының өзгеруіне байланысты нарықтық тәуекелі бар қаржы құралдары бойынша ұзын позиция сомасы мен қысқа позиция сомасы арасындағы айырмасына көбейтіндісін білдіреді.

2015 жылғы 1 қаңтардан бастап жалпы тәуекел коэффициентінің мәні 0,08-ге тең.

2016 жылғы 1 қаңтардан бастап жалпы тәуекел коэффициентінің мәні 0,08-ге тең.

2017 жылғы 1 қаңтардан бастап жалпы тәуекел коэффициентінің мәні 0,09-ға тең.

2018 жылғы 1 қаңтардан бастап жалпы тәуекел коэффициентінің мәні 0,10-ға тең.

2019 жылғы 1 қаңтардан бастап жалпы тәуекел коэффициентінің мәні 0,12-ге тең.»;

26-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«26. Операциялық тәуекел соңғы өткен үш жыл ішіндегі жылдық жалпы кірістің орташа шамасының 0,075-ке тең операциялық тәуекел коэффициентіне көбейтіндісіне 13,3-ке тең сәйкес келтіру коэффициентінің көбейтіндісі ретінде есептеледі.

Соңғы өткен үш жыл ішіндегі жылдық жалпы кірістің орташа шамасы осы жылдардың әр жылы сайын банктің таза кіріс алған соңғы өткен үш жылындағы жылдық жалпы кіріс сомасының банктің таза кіріс алған жылдарының санына қатынасы ретінде есептеледі.

Жаңадан құрылған банктер үшін операциялық тәуекел қаржы жылының аяқталуы бойынша есептеледі және жылдық жалпы кірістің орташа мөлшері өткен жылдардың санына қарай есептеледі.

Жылдық жалпы кіріс:

жиынтық шығыстарды, провизияларды (резервтерді) қалпына келтіруден түскен кірістерді шегергенде;

жиынтық кірістің, корпоративтік табыс салығының, қамтамасыз етуге арналған қаржының сомасы ретінде айқындалады.

Банк шығын алған, бірақ қамтамасыз етуге арналған қаржыны ескергенде, провизияларды (резервтерді) қалпына келтіруден болған кірістерді шегергенде оң жалпы кіріс болған жыл операциялық тәуекел есебіне енгізіледі.

2015 жылғы 1 қаңтардан бастап көбейтінді коэффициентінің мәні 12,5-ке тең, операциялық тәуекел коэффициентінің мәні 0,08-ге тең.

2016 жылғы 1 қаңтардан бастап көбейтінді коэффициентінің мәні 12,5-ке, операциялық тәуекел коэффициентінің мәні 0,08-ге тең.

2017 жылғы 1 қаңтардан бастап көбейтінді коэффициентінің мәні 11,1-ге, операциялық тәуекел коэффициентінің мәні 0,09-ға тең.

2018 жылғы 1 қаңтардан бастап көбейтінді коэффициентінің мәні 10-ға, операциялық тәуекел коэффициентінің мәні 0,10-ға тең.

2019 жылғы 1 қаңтардан бастап көбейтінді коэффициентінің мәні 8,3-ке, операциялық тәуекел коэффициентінің мәні 0,12-ге тең.»;

32-тармақтың бірінші бөлігінің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«32. Бір қарыз алушыға тәуекел мөлшері (Р) банктің барлық талаптарының (осы Нұсқаулықтың 4-тармағында көрсетілген инвестицияларды қоспағанда), оның ішінде осы Нұсқаулықтың 2-қосымшасына сәйкес есептелген шартты және ықтимал міндеттемелердің сомасы ретінде есептеледі;»;

1-қосымша осы қаулының 6-қосымшасына сәйкес редакцияда жазылсын;

осы қаулының 7-қосымшасына сәйкес 1-1-қосымшамен толықтырылсын;

осы қаулының 8-қосымшасына сәйкес 1-2-қосымшамен толықтырылсын;

осы қаулының 9-қосымшасына сәйкес 1-3-қосымшамен толықтырылсын.

3. Осы қаулы 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап енгізілетін осы қаулының 1-қосымшасының реттік нөмірі 83 және 84-жолдардың бір жүз жиырма тоғызыншы және бір жүз отызыншы абзацтарын, осы қаулының 6-қосымшасының реттік нөмірі 55 және 56-жолдардың бір жүз он үшінші және бір жүз он төртінші абзацтарын қоспағанда, 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

